



МАҚСАТ АЙЫППҮЛ САЛУ ЕМЕС

6-БЕТ | ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



НЕСИЕ АЛУ – ОҢАЙ, ҚАЙТАРУ – ҚИЙН

7-БЕТ | САРАПТАМА



ТАЛАП ПЕН ТАРТЫС

8-БЕТ | ШАРТАРАП

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ЕЛ
МАҚТАНЫШЫ. ЕЛТАҢБАМЫЗ,
КӨК ТУЫМЫЗ БЕН ӘНҰРАНЫМЫЗ
ӘР АЗАМАТТЫҢ ЖҮРЕГІНЕН ЕРЕК-
ШЕ ОРЫН АЛАДЫ. БҰЛ – НАҒЫЗ
ОТАНШЫЛДЫҚ БЕЛГІСІ.

№65–66
(4810)
Бейсенбі
5 маусым
2025 жыл




ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Құрбан айт құтты болсын!

Ертең елімізде Құрбан айт мейрамы басталады.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғалы Құрбан айт күндеріне арнайы демалыс белгіленіп, ресми түрде аталып өтуде. Қасиетті мейрам дін бірлігін нығайтуға, рухани жаңаруға, қайырымдылық пен қанағатшылдық, бауырмалдық пен татулық сияқты адамгершілік асыл қасиеттердің қоғамдық өмір салтына айналуына шапағатын тигізуде.

Адам баласын имандылық пен ізгілікке тәрбиелейтін асыл дініміз – исламды Қазақстан халқының басын көпшілігі ұстанады. Құрбан айт адамдардың бір-біріне өзара мейірімді, қайырымды болуын насихаттайтын, ізгілік пен имандылыққа үндейтін, ұлт пен ұлысты ұйыстырып, халықтарды жақындастыратын қасиетті мейрам.

Астанада Құрбан айт намазы 6 маусым күні сағат 6.00-де оқылады.

(Жалғасы 9-бетте)



2

ОТАНЫ БІРДІҢ – ЖҮРЕГІ БІР, ЖҮРЕГІ БІРДІҢ – ТІЛЕГІ БІР

Кеше елімізде Мемлекеттік рәміздер күні аталып өтілді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы «Атамекен» этномемориалды кешенінде өткен Мемлекеттік ту көтеру рәсіміне қатысты. Құрмет қарауылының бастығы салтанатты іс-шараға дайындығы туралы рапорт берді. Содан кейін еліміздің Әнұраны шырқалып, көк байрағымыз көтерілді. Сондай-ақ Астанада «Менің рәміздерім – менің мақтанышым!» атты ауқымды акция аясында патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылды.



ҚАЗАҚША ОҚИТЫНДАР КӨП

Оқу-ағарту министрлігі ел мектептеріне бірінші сыныпқа қабылданған балалар туралы соңғы деректерді ұсынды.

Министрліктің мәліметі бойынша бірінші сыныпқа қабылдау туралы өтініштер 1 сәуірде басталып, бүгінгі таңда жалғасып жатыр.

«Соңғы мәліметтерге сәйкес елімізде 216 121 бала мектепке қабылданды, олардың 70 пайызы оқитудың мемлекеттік тілін таңдаған» делінген Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

Жалпы, биыл 370 мың 1-сынып оқушысы мектепке баратыны жоспарланып отыр.



9 маусым күні Қазақстан ұлттық құрамасы футболдан 2026 жылғы әлем чемпионатына іріктеу кезеңі аясында Солтүстік Македонияны қабылдайды. Ойын «Астана Арена» өтеді.

Қазақстан құрамасы жаңа бас бапкер Әли Әлиевтің жетекшілігімен іріктеу кезеңінің алғашқы ойынында Лихтенштейн құрамасын 2:0 есебімен жеңіп, екінші ойында Уэльске 1:3 есебімен есе жіберген еді. Іріктеу тобында Қазақстан құрамасы Бельгия, Уэльс, Солтүстік Македония және Лихтенштейн командаларымен жолдама үшін таласады.



Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті орта білім беру ұйымдарының қызметіне кешенді талдау жүргізіп, еліміздегі ең үздік 100 мектепті анықтады.

Үздік мектептердің таңдаулы тізіміне Астана қаласының 5 мектебі енді. Атап айтқанда, Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы, №73 мектеп-лицейі, Шейх Халифа бен Заида аль-Нахаян атындағы №84 мектеп-лицейі, Әлімхан Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейі, Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы еліміздің топ-100 мектебі тізімінен орын алды.

7-8
МАУСЫМ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

09:00-ден 19:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Koktal» сауда-ойын-сауық орталығында өтеді. Сонымен қатар күн сайын Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23 мекенжайында жәрмеңке жұмыс істейді.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 578.59 \$ USD/KZT 510.81 ₸ RUB/KZT 6.51 ¥ CNY/KZT 71.01

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты жиынға қатысушыларды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, бұл еліміз үшін мән-маңызы айрықша мереке екеніне тоқталды.

«Ұлт рәміздері – Тәуелсіздігіміздің киелі бойтұмары. Елтаңба, Ту және Әнұран – мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі. Қастерлі нышандарымыз Қазақстанның егемен ел, еңселі жұрт екенін жер жүзіне әйгілейді. Байрағы биік елдің рухы асқақ болады. Сондықтан біз осы мейрамға орай жыл сайын көк Туымызды биікке көтереміз. Бабаларымыз «Туыңды тік ұста!» деп өсиет қалдырды. Осы аманатқа адал болу – баршаға ортақ парыз. Бүгінде көк байрағымыз қастерлі Отанымыз – Қазақстанның бейбіт аспанында желбіретіп тұр. Оны кейінгі ұрпаққа табыстау – қасиетті борыш» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазір көк Туымыздың беделін бүкіл әлем мойындайды. Байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде тұр. Оны альпинистеріміз жер шарындағы ең биік шыңдарға көтерді. Спортшыларымыз талай мәрте жеңіс тұғырына шығарды. «Биыл жауынгерлеріміз бітімгерлік миссиясын көк байрақтың астында тұңғыш рет дербес орындап келді. Азаматтарымыздың, мемлекетіміздің осындай жетістіктері Қазақстанның қуатты

әрі жасампаз ел екенін көрсетеді. Мемлекеттік рәміздер – ел мақтанышы. Елтаңбамыз, көк Туымыз бен Әнұранымыз әр азаматтың жүрегінен ерекше орын алады. Бұл – нағыз отаншылдық белгісі. Ұлт нышандары – халқымыздың болмыс-бітімінің айнасы, жарқын болашағымыздың кепілі» деді Мемлекет басшысы.

Президент биыл мемлекеттілігіміздің берік тірегі – Ата Заңымыздың қабылданғанына 30 жыл толатынын еске салды. «Негізгі заң біздің қоғам арқа сүйейтін басты қағидаттардан тұрады. Конституция арқылы заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз етіп, ауқымды өзгерістерді кезең-кезеңімен қолға алып жатырмыз. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне әрқайсысымыз үлес қосып келеміз. Бізді көк паспортымыз, реформалардың жасампаз қуатына деген ортақ мақсат пен мызғымас сенім біріктіреді. Қазақта «Туы бірдің – түбі бір, жолы бірдің – жүгі бір» деген сөз бар. Еліміздегі түрлі этнос өкілдері көк байрақтың астында тұтасып, тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Біздің мүддеміз де, жолымыз да, мұратымыз да – ортақ. Бұл – Әділетті, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанды құру. Осы береке-бірлігімізді сақтап, нығайта берсек, кез келген биікті бағындырамыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Содан кейін Президент оқуын үздік бітірген курсанттарға ту түбінде шен тапсыру жақсы дәстүрге айналғанын айта келіп, жас сарбаздарға сөз арнады. «Көк байрақ жауынгерлерге

айрықша күш-жігер береді, отаншылдық рухын көтереді. Осындай сәттерде әр азамат туған елге қызмет ету перзенттік парызы екенін терең ұғынады. «Тұлпар мініп, ту алған» жаужүрек батырлардың ұрпағы екенін сезінеді. Отан күзетінде тұрған ұландарымызды баһадүр бабалардың бүгінгі ізбасары деуге болады. Қастерлі Туымызды әрдайым тік ұстаңыздар! Мен бұған кәміл сенемін! Байрағымыз биікте желбіресін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!» деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты рәсімде Қорғаныс министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Ішкі істер министрлігіне, Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты оқу орындарының 14 үздік түлегі Қазақстан Республикасы Президентінің – Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысының қолынан офицерлік шен алды. Іс-шара соңында Мемлекеттік күзет қызметінің, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің Құрмет қарауылы роталары Президент пен жиналған қауым алдынан салтанатты түрде сап түзеп өтті.

Ту көтеру рәсіміне мемлекеттік органдардың басшылары, Парламент депутаттары, Ұлттық құрылтай мүшелері, «Халық қаһарманы» және «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының иегерлері, жоғары әскери оқу орындарының курсанттары мен олардың туыстары қатысты.



сайды. Ал бас бостандығынан айыру орындарындағы 5,4 мың сотталғанға және пробация қызметінің есебінде тұрған 5,5 адамға жазаның өтелмеген мерзімін саралап қысқарту қолданылады. Сонда, барлық мерзім

қысқарту 11 мың адамды қамтиды» деді Ү.Шапақ. Депутат 833 әйелге қатысты рақымшылық жасалатынын мәлім етті. Соның арасында 109-ы босатылса, 724 әйелдің жазасын өтеу мерзімі қысқартылады.

МИНИСТРГЕ ТАПСЫРМА БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова-наны қабылдады. Президентке әлеуметтік даму, еңбек қатынастары салаларының қазіргі жай-күйі мен алдағы жоспары жөнінде баяндалды.



Светлана Жақыпова биылғы 1 мамырға дейін 157,8 мың адамды еңбекпен қамту шаралары жүргізілгенін жеткізді. Олардың ішінде 143,2 мың азамат жұмысқа орналастырылған. Жыл басынан бері 232 мыңнан астам адамға атаулы әлеуметтік көмек көрсетілген.

Президентке еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбек құқығын қорғау бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат берілді. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде өндірістік жарақат алу көрсеткіші биылғы I тоқсанда 17 пайызға төмендеді, ал өлімге әкеп соғатын қайғылы оқиғалар өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 5 пайызға азайды. Бұдан бөлек, кәсіптік тәуекелдерді анықтау, бағалау және алдын алу, сондай-ақ еңбек қатынастарын декларациялау тетіктерінің автоматтандырылған жүйесі енгізіліп жатыр.

Светлана Жақыпова Жобалардың

инновациялық навигаторын енгізу жөнінде айтты. Бұл мемлекеттік инвестицияның тиімділігін арттыру және жұмыс орындарын сапалы түрде жоспарлау үшін әзірленді. Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлеуметтік қолдау көрсету үдерісін цифрландыру жұмыстары таныстырылды. Атап айтқанда, министр әлеуметтік-экономикалық орнықтылық пен осал отбасыны бағалауға арналған скорингті моделді қолдану тұжырымдамасын ұсынды. Бұл жобаны енгізу қаражатты шын мұқтаж жандардың пайдасына қайта бөлуге және қолдау шараларының нақты иесіне жетуіне мүмкіндік береді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы әлеуметтік саясатты одан әрі жетілдіруге, атаулы көмектің тиімділігін арттыруға, жұмыспен қамту шараларын кеңейтуге, еңбек және әлеуметтік салаларды цифрландыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚАЛАЙ ДАМУДА?

Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен мал шаруашылығын кешенді дамытуға арналған кеңес өтті. Жиында жеңілдікпен қаржыландыру, импортты алмастыру және ветеринариялық қауіпсіздік мәселелері қаралды. Асыл тұқымды мал шаруашылығы: жеңілдетілген несиелер мен жаңа талаптар.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалининің айтуынша, етті мал шаруашылығында асыл тұқымды түрлендіруді қолдау мақсатында жылдық мөлшерлемесі 5% болатын жаңа жеңілдетілген несиелік өнімі әзірленді. Бұл фермерлерге өнімділікті, ет сапасын және төл алу көрсеткішін арттыру үшін аса маңызды асыл тұқымды аналық мал сатып алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ осыған ұқсас шарттармен ет комбинаттары мен бордақылау алаңдарына айналым қаражатын толықтыру үшін несиелік өнім ұсынылды. Негізгі талаптардың бірі – ірі қара малдың кемінде 70%-ын отандық ет комбинаттарына өткізу және өңдеуші кәсіпорындардың терең өңдеу желісі болуы.

Әкімдіктер, «Атамекен» ҰҚП және ветеринариялық қызметпен бірлесіп, жүргізілген комиссиялық тексерудің нәтижесінде, 128 бордақылау алаңының ішінен 28-і (жалпы сыйымдылығы 148 мың бастан аса), ал, 36 ет комбинатының ішінен 24-і талаптарға сай деп танылды. «Осылайша, шаруашылықтан бастап, бордақылау алаңдарына, одан әрі ет комбинаттары мен экспорттық нарықтарға дейінгі өндірістік тізбек қалыптасуда. Әрбір кезеңде айналым қаражатының қолжетімді болуы жоғары қосылған құны бар өнім өндіруге мүмкіндік береді» деді Аманғали Бердалин.

2025 жылға аустралиялық тәжірибені етті мал шаруашылығына енгізудің басым 10 жобасы айқындалды. Жобалардың жалпы құны – 27,4 млрд теңге. Алдын ала есептеу бойынша, бұл жобалар 50 мың тоннаға дейін ет экспорттап, 500 млрд теңге көлемінде табыс әкелмек. Сүтті мал шаруашылығы:

импортты алмастыруға басымдық. Сүт бағытын дамыту – басым бағыттардың бірі. 2023 жылы 69 тауарлы сүт фермасын салуға 100 млрд теңге бөлінді. Олардың күтілетін өндірістік көлемі – 423,7 мың тонна сүт. Қазіргі таңда 39 ферма пайдалануға берілді, қалған 30-ы жыл соңына дейін аяқталады.

Ветеринария: індеттердің төмендеуі және экспорттық әлеуеттің артуы елімізде мал ауруларының алдын алу шаралары нәтижесінде, 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда эпизоотиялық жағдайлар (бруцеллез, құттыру, қарасан, күйдіргі бойынша) 68,1%-ға төмендеді. Жалпы соңғы үш жылда мал аурулары 49,1%-ға азайды.

«2026 жылы Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымы тарапынан Қазақстанның солтүстік-батыс және орталық аймақтарын аусылдан таза аймақ ретінде мойындау мақсатында аудит күтілуде. Осыған байланысты барлық өңір әкімдіктері ветеринариялық нысандардың материалдық-техникалық базасын халықаралық стандарттарға сай деңгейге жеткізуі қажет» деп атап өтті Бердалин.

Экспорт географиясын кеңейту жұмыстары жалғасуда – Қытаймен (ІҚМ терісі бойынша), Түркиямен (ет бойынша), Ауғанстан және Пәкістанмен (ет және сүт өнімдері бойынша) келіссөздер жүргізілуде. Серік Жұманғарин жеңілдетілген несиелеу үміткер барлық жобаны белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан мұқият талдауды тапсырды. Сонымен қатар шұжық өнімдері, ірімшіктер, қышқыл сүт өнімдері сияқты импортқа тәуелді тауарларға ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті.

БЮДЖЕТ ЕСЕБІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени мәселелер және заңдылық, тәртіп және қоғамдық ұйымдармен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында қалалық әкімдіктің 2024 жылғы бюджетті орындау туралы есебі талқыланды.



Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты негізде жұмыс істейтін тұрақты комиссиясының төрағасы Кендебай Адамбек Экономика басқармасына осы өзгерістерге қатысты сұрақ қойып, жобалар тізіміне жиі және негізсіз енгізілетін өзгерістер бюджетті тиімді жоспарлауға, қаражатты уақтылы және толық игеруге кері әсерін тигізуі мүмкін екенін атап өтті.

Комиссия мүшелері аталған мәселеге жіті назар аудару қажет екенін айтып, бюджеттің ашықтығы мен тиімділігіне қатысты ұсыныстарын білдірді.

ОН МЫҢ АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

Елорданың Алматы ауданында ауа райының қолайлы болуына байланысты абаттандыру жұмысы қарқын ала бастады. Жоба бойынша қоғамдық кеңістіктерді жөндеу және көгалдандыру шаралары жоспарланған. Алматы ауданы әкімдігінің абаттандыру бөлімінің басшысы Данияр Қожахметовтың айтуынша, биыл жаяу жүргіншілер аймағын жөндеу және көшелер мен аулалар бойында демалыс алаңдарын орнату көзделіп отыр.



«Жоба аясында брусчатка мен асфальтбетон жамылғысын, жиектас-тарды ауыстыру, шағын архитектуралық формаларды орнату қарастырылған. Жөндеу жұмысы Абылай хан даңғылы, Қажымұқан, Қ.Рысқұлбеков, М.Жұмабаев көшесі, «Триатлон паркінің» көпір астындағы кеңістік, Оқушылар сарайы алдындағы алаң,

Оңтүстік-Шығыс (Келес тұйығы) және Теміржолшылар тұрғын алаптарындағы саябақтардағы учаскелерде жүргізілмек. Сонымен қатар, Ақбұлақ өзенінің жағалауын қайта жаңарту жоспарланып отыр. Жоба төрт аймаққа – классикалық, спорттық және экологиялық аймақтарға бөлінген» дейді ол.

Бұған қоса Оңтүстік-Шығыс ауданының Р.Қошқарбаев көшесі бойындағы гүлзарды абаттандыру және Есіл өзенінің Амман көшесінен Сығанақ көшесіне дейінгі жағалауын реконструкциялау жұмысы да бар.

Ауданда аулалар мен спорт алаңдарын, көлеңкелі шатырларды, тіреу қабырғаларын, жарықтандыру жүйелерін, орындықтар мен қоқыс жәшіктерін орнату, сондай-ақ суару жүйелерін жабдықтау жұмысы жүргізіледі. Әр қылқан жапырақты және жапырақты ағаштар, бұталар мен көпжылдық гүлдер отырғызу жоспарланған.

«Ауданның көгалдандырылуына ерекше назар аударылмақ. Қ.Мұңайтпасов пен М.Жұмабаев көшелерінде бүгінде 200-ге жуық ағаш отырғызылып, тағы 550 тұл ағаш отырғызу жоспарланып отыр. Жалпы ауданда 10 мың ағаш отырғызылады. Екіншіден, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасымен 1 маусымда 3 абаттандырылған аула ашылды. Жыл соңына дейін 17 аула жөнделмек. Жобаны іске асыру барысында тұрғындардың барлық ұсынысы ескеріледі» дейді Д.Қожахметов.

Биыл Астана қаласында 180-нен астам аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылмақ.

КИІЗ ҮЙ ЛАГЕРІ АШЫЛДЫ



2025 жылдың 2-13 маусымы аралығында Астана қаласындағы №91 мектеп-гимназияда «Атамекен» киіз үй лагері өз жұмысын бастады.

Ұлттық нақыштағы лагерьдің бірінші маусымы 2-13 маусым аралығында оқушыларды қабылдады. Лагерьдің басты мақсаты – қазақ тілін кеңінен насихаттап, оқушылардың бойында ұлттық рух пен патриоттық сезімді ояту. Жазғы демалыс кезеңінде балалардың уақытын тиімді ұйымдастырып, оларды елін, жерін сүйуге тәрбиелеу – лагерьдің басты бағыты. Лагерь жұмысы киіз үйдің

іші мен маңайында өткізіледі. Ұлттық нақыштағы безендіру мен салт-дәстүр элементтері арқылы оқушылар ерекше әсер алатынына сенімдіміз. Мұнда балаларға арналып қазақтың ұлттық ойындары, салт-дәстүрге байланысты танымдық сайыстар, шығармашылық шеберлік сағаттары ұйымдастырылады. Тәлімгерлер мен ұстаздар әр баланың белсенділігіне мән беріп, достық,

сыйластық, жауапкершілік секілді құндылықтарды сіңдіреді. Ең бастысы, оқушылардың өмір қауіпсіздігі толық сақталған. Барлық іс-шаралар балалардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарына сай ойын түрінде өтеді. «Атамекен» киіз үй лагері ұлттық болмысты дәріптейтін рухани мекенге айналады.

Ал лагерьдің екінші кезеңі 16-27 маусымда жалғасады.

Зүлфия БЕЙСЕНОВА,
Астана қаласындағы №91 мектеп-гимназия «Атамекен» киіз үйі лагерьінің жетекшісі

Астанада Мемлекеттік рәміздер күніне орай ІІМ Ұлттық ұланының Үлгілік-көрсетімді оркестрінің салтанатты шеруі өтті.

ҰЛАНДЫҚТАР ШЕРУ ӨТКІЗДІ



Іс-шара елорданың Сарыарқа ауданы әкімдігінің қолдауымен құқықтық тәртіп әскерлерінің бастамасымен ұйымдастырылды. Бұл шеру еліміздің мемлекеттік рәміздері – Туға, Елтаңбаға және Әнұранға құрмет көрсетуді күшейтуге бағытталған мерекелік іс-шаралар легінде патриоттық екпінімен ерекшеленді.

Ұлттық ұланның Үлгілік-көрсетімді оркестрі кәсіби шеберліктің жоғары деңгейі мен репертуарының сан алуандығын көрсетті.

Әскери музыканттарды ыстық ықыласпен қарсы алған қала тұрғындары мен қонақтары эмоцияларын жасырмай, Есіл өзенінің жағасында таныс әуендерді бірге шырқады. Салтанатты шеру көрерменге ерекше әсер сыйлап, әр азаматқа ұлттық бірлік пен тәуелсіздігіміздің нышаны болған мемлекеттік рәміздердің маңыздылығын жеткізді. Ұлттық ұланның Үлгілік-көрсетімді оркестрі мен Ән-би ансамблі қалалық орталық алаңда да жұртшылыққа мерекелік концерт ұсынды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылы 12 маусымда сағат 11:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

- «2024 жылғы Астана қаласы бюджетінің атқарылуы туралы есебін бекіту туралы.
 - «Астана қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 11 желтоқсандағы № 243/32-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
 - Астана қаласының атаусыз көшесіне атау беру туралы.
 - Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Астана қаласының терроризмге қарсы комиссиясының құрамы туралы.
- Анықтама үшін телефон: 8 (7172) 55 66 36

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

100,8 МЛРД ТЕҢГЕ ЖҰМСАЛАДЫ

Биыл Астана қаласының энергетика саласындағы жұмыстарына 100,8 млрд теңге жұмсалады. Бұл туралы қалалық Энергетика басқармасының басшысы Нұрлан Көпешов мәлім етті.

Астана қаласының мәслихатында «Елорданы энергиямен қамтамасыз ету және жылумен жабдықтауды дамыту перспективалары мен қазіргі жағдайы» мәселесі бойынша қоғамдық тыңдау өтті. Онда Энергетика басқармасының басшысы, «Астана – Энергия» АҚ, «Астана – өңірлік электржелілік компания» АҚ, «Астана – Теплотранзит» АҚның басшылары энергия көздерін кеңейту, жылу желілерін салу және электрмен жабдықтау желілерін енгізу, сондай-ақ тұрғын алаптарға газ беру мәселелері бойынша баяндама жасады.

– Барлығы 100,8 млрд теңге

жоспарланған. Оның 70,3 млрд-ы – республикалық бюджеттен, 8,2 млрд-ы жергілікті бюджеттен бөлінеді. 22,5 млрд-ы – өз қаражатымыз (басқармаға қарасты кәсіпорындардың қаражаты – ред.), – деді басқарма басшысы.

Сондай-ақ басқарма басшысы бұл қаржының қай бағыттарға жұмсалатынын атап көрсетті. «Энергия көздері саласында 36 жобаға 39 млрд теңге, жылу желілері саласында 21 жобаға 22,1 млрд теңге, электрмен қамту саласында 17 жобаға 18,1 млрд теңге, газ тарту саласында 15 жобаға 20,2 млрд теңге қарастырылған» деді Нұрлан Көпешов.



ТҰҢҒЫШ РӘМІЗТАНУШЫ ТАҒЫЛЫМЫ

Елордада тұңғыш рәмізтанушы, публицист-жазушы, ақын Ербол Шаймерденовті еске алуға арналған «Мемлекеттік рәміздер – елтаным негізі» атты конференция өтті. Мемлекеттік рәміздер күніне орай өткен жиын Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің бастамасымен ұйымдастырылды. Ұлттық музейде өткен конференцияға ғалымдар, мәдениет, қоғам қайраткерлері және қалалық мәслихат депутаттары қатысты.

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Қаламгерді еске алуға арналған алқалы басқосуды Парламент Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп жүргізіп, сөз басында қайраткердің еліміздің мәдениеті мен баспасөзіне, әдебиеттің дамуына қосқан қомақты үлесі туралы әңгімеледі.

«Ербол Шаймерденұлы – мемлекеттік рәміздер туралы жазылған қаншама еңбектің авторы. Ол әлем елдерінде геральдика мәселесі қалай дамыған, елімізде қандай жолға қойылған секілді сұрақтарды шешудің бел ортасында жүрді. Парасат-пайымы, біліктілігі мен білімділігін көрсете білді. Бүгінде көк Туымыз көкке көтерілгенде, қолымызды жүрек тұсына қойып, басымызды тік көтеріп, біз қазақ елінің азаматымыз дейтін мақтанышты сезінетін болсақ, сол алақан табында Ербол ағаға деген құрмет болуға тиіс және жас ұрпақ солай өседі деп сенеміз» деді Н.Жүсіп.

Кейін белгілі ақын Қалқан Сарин Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің

құттықтау хатын оқып берді.

«Ербол Шаймерденов саналы ғұмырын еліміздің мәдениеті мен баспасөздің, тіл саласының өркен жаюына, мемлекеттік рәміздерді ұлықтауға арнаған тағылымы зор тұлға, біртуар азамат еді. Ол Елтаңба, Ту мемлекеттік рәміз ретінде қабылданып жатқан кезде комиссия мүшесі болып, кейбір рәміздерді зерделеп, зерттеп, саланың дамуына зор үлес қосты» делінген Мемлекеттік кеңесші құттықтауында.

Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айбек Сыдықов қаламгердің қаламынан туған туындылар қазақ руханиятына қосылған асыл қазына екенін баса айтты. Ал Парламент Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай қайраткердің ғылыми зерттеу еңбектерінің нәтижесінде тұғырдағы Туымызды, маңдайшадағы Елтаңбамызды, жүректен шығар Өнұранымызды қастерлеу туралы қабылданған заң туралы айта келе, қоғамның мемлекеттік рәміздерді аяқ астында тапталуына жол бермеу керек екенін атап өтті.

Ербол Шаймерденұлы елдік мәселелерге белсене араласты демекші, қаламгер кейін-

гі ұрпаққа өнегелі ісі мен мол мұра қалдырды. Ол 20-ға жуық кітаптың авторы атанды. Олардың қатарында «Көңіл суреті», «Жүректегі жазулар» атты жыр жинақтары, «Тыңда тоғысқан тағдырлар», «Қазақ елінің рәміздері», «Елтаңу әліппесі», «Ақыл-ой антологиясы», «Қазақ афоризмдері», «Даналық дидагы» сынды туындылары бар. Еңбектері бірқатар шет тілдеріне тәржімеленді. Аудармашы ретінде әлемдік философиялық ой-пікірлерді қазақ тіліне аударды.

Басқосу барысында Е.Шаймерденовтің рухани інісі, Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов адалдық, парасаттылық ақында ғана емес, отбасындағы ұстанатын қасиет екенін сөз етті.

– Бізде кез келген адамға қатысты айтыла бермейтін тұңғыш деген сөз бар. Ербол Шаймерденұлы – тұңғыш рәмізтанушы, Қазақстан Президентінің тұңғыш баспасөз хатшысы болуымен қатар, мыңдаған сөз маржанын зертеп, тұңғыш афоризм жинақтаушы атанған. Бұдан басқа, оның аудармашылық және ақындық қасиеті тағы

бар. Жазушы Әбдіжәмил Нұрпейісовтің «Қан мен тері» бәріңізге белгілі. Кейінгі жылы қайта басылып шыққан романның алғысөзін Ербол Шаймерденұлы жазған. Өзге жазушылар бола тұра, бұл істі Ерболға тапсыруы, оның қаламгерлік қырын танытса керек, – деді өз сөзінде жазушы Қуаныш Жиенбай.

Конференция соңында қайраткердің жары Күләш Шаймерденова мемлекеттік рәміздердің қабылдануы кезінде Ербол Шаймерденұлының барлық істің басы-қасында жүргенін еске алып, әңгімеледі.

– Ең бірінші жазушы Балғабек Қыдырбекұлы ағам рәміздер туралы кітап шығарсаң қайтсін деп ұсыныс тастап, кейін Ерболдың сол кітабы «Қазақ елінің рәміздері» деп аталып, көпке таралып кетті. Ұлттық комиссияның хатшысы болып жүргенде, үйімізге академик Салық Зиманов, белгілі ақындар Қадыр Мырза Әли, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева, суретші Шәкен Ниязбековтердің келіп, әр рәмізге қатысты қызу талқылау болғаны әлі есімде. Әр еңбегін сол кездегі оқиғалардың негізінде емес, сан ғасырлық тарихты қозғап жазған. Бүгінгі ұрпақ та жемісін көріп жатыр деп білемін, – деді К.Қайыржанқызы.

Конференция аясында Ербол Шаймерденұлы туралы деректі фильм көрсетіліп, жиында болған өзге де қатысушылар орамды ойларын ортаға салды.

КӨК ТУДЫ КӨККЕ КӨТЕРДІ

Астана қаласының Байқоңыр ауданындағы Ермек Серкебаев атындағы №3 музыка мектебінде Рәміздер күніне арналған мерекелік флешмоб өтті.

**Шапағат
ӘБДІР**

Іс-шараға 40-тан астам мектеп оқушысы қатысып, қолдарына мемлекеттік Туды алып, патриоттық әндер орындады. Бұл ерекше флешмоб жас ұрпақтың ел рәміздеріне деген құрметі мен отансүйгіштік сезімін арттыруға бағытталған.

– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Ту, Елтаңба және Өнұран – біздің тәуелсіздігіміздің, егемендігіміздің және ел бірлігінің айқын нышандары. Бүгінгі мерекелік шара – өскелең ұрпақтың жүре-

гінде Отанға деген сүйіспеншілікті ояту, рәміздерімізге деген құрметті қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Бүгін өнер мектебінің оқушылары өз өнерлері арқылы елге деген махаббаттарын, мақтаныштарын паш етті. Баршаңызды Рәміздер күнімен құттықтаймын!, – деді Астана қаласы әкімдігінің Ермек Серкебаев атындағы №3 балалар музыка мектебінің филиал меңгерушісі Фатима Ахметова.

Мұндай іс-шаралар оқушылардың бойында ұлттық рухты нығайтып, тәуелсіз Қазақстанның құндылықтарын сіңіруге үлкен үлес қосары сөзсіз.



10 МЫҢ БАЛА ӘНҰРАН ШЫРҚАДЫ

Мемлекеттік рәміздер күніне орай кеше Астанадағы жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының жазғы лагерлерінде ауқымды патриоттық іс-шара ұйымдастырылды.



Қаланың 92 мектебі мен 13 қосымша білім беру орталығының қатысуымен өткен бұл іс-шара аясында 10 000-нан астам бала бір мезетте Мемлекеттік әнұранды орындады.

Мұндағы мақсат – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздер-

ге деген құрметті арттыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Өнұран шырқау рәсімі балалардың өз Отанына деген мақтаныш сезімін оятып, біріктіруші рух берді. Мұндай іс-шаралар өскелең ұрпақты азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

ТУМЕН БІРГЕ АСҚАҚТАҒАН РУХ

Кеше Астанадағы Байтерек монументі алаңында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне арналған «Менің байрағым!» атты салтанатты іс-шара өтті. Мерекелік жиын елордалықтар мен қала қонақтарын бірлікке үндеп, отансүйгіштік рухты асқақтатты.



Іс-шараны Астана қаласы әкімдігі мен бірқатар мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар бірлесе өткізді. Шараның басты мақсаты – ұлттық рәміздеріміздің қадір-қасиетін ұлықтап, жас ұрпақтың бойына патриоттық сезім дарыту, бірлік пен ынтымақты дәріптеу болды.

Мерекелік кеш ән шашумен ашылды. Бағдарлама аясында ұйымдастырылған викториналарға қатысушылар белсене атсалысып, мемлекеттік рәміздерге қатысты білімдерімен бөлісті. Жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар табыс етілді.

Іс-шараның тағы бір жарқын сәті – Қазақстан Спидкубинг федерациясы мүшелерінің 3000 Рубик кубигінен Қазақстан Туының бейнесін құрауы болды. Бұл креативті көрініс жастардың ұлттық рәміздерге деген құрметін ерекше өнермен өрнектеп көрсетті.

Мерекелік жиын соңында жүргізушілер ел рәміздерінің – Ту, Елтаңба және Өнұранның – мәңгілік рухани құндылық екенін атап, барша қатысушыларға алғыс білдірді. Олар мерекелік кешті «Туымыз тұғырлы, Елтаңбамыз еңселі, Гимніміз әлем сахнасында шырқала берсін! Ұлтымызды ұйыстыратын рәміздеріміз мәңгі жасасын» деп қорытындылады.

**Адия КӨРІПЖАН,
Л.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің студенті**

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Алматы ауданының аумағында 281 аялдама болса, оның 40-ы – жылы аялдама павильондары. Қазіргі уақытта аппараттың балансындағы 142 аялдаманың 81-і – шыны, 31-і вандализмнен қорғалған және 30-ы – жылы аялдама. Биыл аудан аумағында 10 жылы аялдама орнату жоспарланған. Олар Ш.Құдайбердіұлы даңғылында, № 2 қалалық балалар ауруханасының, «Достық-2» ТК, «Денсаулық Бақыт» ТК жанында, Қажымұқан және Орхон көшелерінің бойында, №1 қалалық аурухананың, «Дастан» дүкенінің жанында, Қордай көшесінде және әскери бөлімнің маңында орналасады. Бүгінгі таңда Байқоңыр ауданында 190 аялдама бар. Оның 48-і – жылы аялдама. Бытыр 14 жылы аялдаманың құрылысы жүргізілсе, биыл аудан аумағында бір үлгідегі заманауи ашық аялдама павильондарын орнату жұмыстары басталды. Алғашқы аялдама кешені А.Бараев көшесі бойындағы «Әскери-патриоттық музей» аумағында орнатылды. Олар елорда келбетіне бір типті сән беріп қана қоймай, қаланың инфрақұрылымын жаңғырту, қоғамдық көлік жүйесін дамыту және жолаушылар үшін қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жүйелі жұмыстардың бір бөлігі болып табылады. Алдағы уақытта аудан аумағында осындай тағы 20 аялдама павильонын орнату жоспарлануда. Бұл елордамыздың сыртқы көрінісінің бір үлгіге келуіне септігін тигізеді. Жаңа үлгідегі павильондар тиісті стандарттарға сай жасақталған: күннен, жаңбырдан қорғайтын шатыр, ыңғайлы орындықтар, аялдама атауы мен бағыт сызбасы қарастырылған.

Нұра ауданында қоғамдық көлік тоқтайтын орын саны – 267. Бүгінге дейін оның 248-і абаттандырылса, 45-і – жылы павильон. Өткен жылы осы ауданда 9 жылы аялдама орнатылған. Бұдан бөлек, инвесторлардың көмегімен Үркер тұрғын алабында 19 ашық аялдама іске қосылды. Бұл павильондар бұрын аялдама тек жол белгісімен белгіленген нүктелерде пайда болса, қазіргі күнде бұл аялдамаларда жылыту жүйесі сөндірілген. Аптасына екі рет санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Сарыарқа ауданында 379 аялдама бар, оның 73-і – жылы аялдама. Олардың 61-і аудан әкімдігінің балансында болса, сауда нүктесі бар қалған аялдамалар жеке инвесторлардың қаражатына орнатылған. Өткен жылы ауданда 10 жылы аялдама пайдалануға берілсе, биыл тағы сонша жылы аялдама орнату жоспарлануда.

Есіл ауданындағы 222 автобус аялдамасының 50-і – жылы аялдамалар. Бұл аялдамаларды күнделікті жуып-тазалауды аудан әкімдігі басты назарда ұстап келеді. Сондай-ақ тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аялдамаларда әйнектерді ауыстыру, есіктерді жөндеу, жылу жабындарын қалпына келтіру және ылғалды тазалау жұмыстары қажеттілік бойынша жүргізіліп тұрады. Биыл аудан аумағына тағы 5 жылы аялдама павильонын орнату жоспарланған.

2025 жылы Сарайшық ауданында тағы 10 жабық үлгідегі жаңа жылы аялдама орнатылады. Бүгінгі таңда бұл ауданда 140 аялдама кешені орнатылған, оның 29-ы – жылы павильондар. – Қала әкімі Жеңіс Қасымбектің тапсырмасы аясында және тұрғындардың өтініші бойынша Мыңжылдық



Астанада 1479 аялдама бар, оның 285-і – жылытылатын жаңа аялдамалар. Биыл елорданың Алматы, Сарыарқа, Байқоңыр, Есіл, Нұра және Сарайшық аудандарында тағы жаңа павильондар орнатылады.



аллеясында 10 жаңа жылы павильон орнатылды, оның 7-і Нәжімеденов көшесінде, екеуі Байтұрсынов көшесінде және біреуі Аманжолов көшесінде іске қосылады, – деді аудан басшысы.

Сондай-ақ Байтұрсынов көшесіндегі 23 аялдаманың 5-і, ал Нәжімеденов көшесіндегі 23 аялдаманың 7-і – жылы павильондар.

ПАВИЛЬОНДАРДЫ
КҮТІП ҰСТАУ –
КҮН ТӘРТІВІНДЕ

Қалалықтарды жазда ыстықтан, қыста суықтан қорғайтын

соңғы үлгідегі жаңа жылы аялдамалар елордада осыдан 10 жыл бұрын пайда бола бастады. Астана қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы 2022 жылдан 2024 жылға дейін жабық үлгідегі 90-ға жуық павильон орнатты. Өткен жылы бұл міндетті елордадағы алты ауданның әкімдіктеріне тапсыру туралы шешім қабылданды. Содан бері аялдама павильондарын орнату аудан әкімдіктеріне жүктелді. Осы іс-шара аясында былтыр бас қалада 40-тан астам жылы павильон орнатылды. Мамандардың мәлімдеуінше, биыл елордада тағы 50-ге жуық жылы

павильон іске қосылады. Ал қонақтары аптап ыстықта күнге қақталып, аязда бүрсең қағып тоңып тұрмас үшін қала әкімдігі жыл сайын жылы аялдамалардың санын көбейтуде және олардың жайлы болуын қамтамасыз ету бағытында жұмыс істеп келеді. Бұған қоса, аялдамалардың әртүрлі техникалық және эстетикалық жақтарын жетілдіру үшін қосымша зерттеулер мен жобалар жүзеге асырылуда.

Есіл ауданы әкімінің кеңесшісі Құралай Слямбекованың айтуынша, аудандағы аялдамалардың барлығы дерлік ыңғайлы әрі таза. Күн жылынғалы бері оларды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары белсенді түрде жүргізіліп жатыр. «Бұл ретте бірінші кезекте аялдама павильондарына ерекше көңіл бөлінеді. Қыстан кейін олардың көпшілігі жөндеуді қажет ететіндіктен кейбір аялдамалар боялып, сынған әйнектер ауыстырылып, едендері мен жарықтары жаңартылуда. Аумақтағы әр аялдама аптасына екі рет дымқыл және құрғақ тазалау арқылы жуылады. Бұл шаралар тазалық пен тәртіпті сақтауға бағытталған және қоғамдық көлікпен жүрудің жалпы оң әсер ететіні сөзсіз» деді әкім кеңесшісі.

Санитарлық тазалау тұрғындардың шағымы негізінде кестеден тыс та өткізіледі. Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын

өткізетін бригада аялдамалардың әйнектері мен есіктерін, инженерлік желілерді, сондай-ақ отырғыштарды жөндеу жұмыстарымен айналысады. Қазір Нұра ауданы аумағындағы 15 жылы аялдамада тегін wi-fi қосылған. Алдағы уақытта аудан аумағында орналасқан аялдамаларға инвесторлардың көмегімен бейнекамера орнату мәселесі қарастырылуда.

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ
ЕСКЕРІЛЕДІ

Астанадағы алты ауданның әкімдіктері тұрғындарға қоғамдық көлікті күту жайлы болуы үшін жыл сайын жылы аялдамалар санын арттырып келеді. Дегенмен бас қалада аялдмасы жоқ жерлер әлі де баршылық. Қаланың шетін айтпай-ақ, адамдар көп жүретін орталық аумақтардың өзінде, мысалы, оңтүстік-шығыс шағын ауданында жылы аялдамалар түгілі, жай отыратын орындығы бар ашық павильондардың болмауы тұрғындардың жүріс-тұрысына көптеген кедергілер келтіруде.

– Мен Оңтүстік-шығыс шағын ауданында тұрамын. Орталыққа бармай-ақ өзіміздің маңайдағы аялдамалар туралы айтар болсам, Қ.Сәтбаев көшесінің Кемел және Балқантау көшелерімен қиылысатын жерлерінде аялдама деген атымен жоқ. Тіпті жай отыратын орындық та қойылмаған. Жас емеспін, аяғым ауырады, кейде автобусты көп күтіп қаламын. Қоғамдық көлік күткен жолаушыға орындықтан басқа не керек? Меніңше, жылы аялдамалар тек қаланың орталығына ғана салынып жатқан сияқты. Негізі аялдамаларды қаланың барлық аумағында көбейту керек деп ойлаймын. Өйткені қыстың күні небір қарлы-борандар болған кездерде таксидің құны екі-үш есе қымбаттап кетеді. Сондай-ақ автобустарды күту үшін жылы аялдамалардың болуы аса маңызды. Оның үстіне Астана басқа қалаларға қарағанда тым суық. Сондықтан бұл қаладағы аялдамалардың бәрі жылы болуы керек, – деді қала тұрғыны Алмагүл Елубаева.

Жыл сайын Астанада жаңа үлгідегі аялдамалар саны артып, ескі павильондар заман талабына сай қайтадан қалпына келтірілуде. Қазіргі кезде жалпы қала бойынша 300-ге жуық жылы аялдама жұмыс істеп тұр. Дегенмен, бір жарым миллионнан астам тұрғыны бар бас қалаға мұның өзі жеткіліксіз. Бұл ретте тұрғындар қоғамдық көлік тоқтайтын орындардың жолаушылар ағыны жоғары жерлерде, яғни мектептердің, емханалар мен балабақшалардың жанында болуын, тозығы жеткендерінің ысырылып, орнына жаңалары салынғанын ғана емес, бастысы, бұл павильондар жаздың аптап ыстығы мен қыстың қақаған аязды күндерінде жол тосқан жолаушыға пана болғанын қалайды. Ал аудан әкімдігіндегілер болса алдағы уақытта жылы да жайлы аялдамалар саны кезек-кезеңімен көбейе беретінін және тұрғындар тілегінің ескерілетінін жеткізді.





Бауыржан ТОҚЖҰМАНОВ,
Астана қаласы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының
бөлім бастығы, полиция подполковнигі:

МАҚСАТ — АЙЫППҰЛ САЛУ ЕМЕС, ҚАУІПСІЗДІКТІ АРТТЫРУ

– Жалпы, елордада жыл басынан бері тіркелген құқықбұзушылықтар өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда едәуір артқанын білеміз. Жол көлік оқиғасының ең басты себебі неде?

– Жол-көлік оқиғаларының көбі жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жол ережелері қауіпсіздігін сақтамағаннан болады. Атап айтқанда, ең бастысы – жылдамдықты арттыру. Жол қозғалысы ережелеріне сай келмейтін жоғары жылдамдықпен жүру, әсіресе түнгі уақытта жиі апатқа әкеледі. Одан кейін жаяу жүргіншілердің жолды белгіленбеген жерді кесіп өтуі. Тұрғындардың көбі рұқсат етілмеген жерден кесіп өткісі келеді, бұл өз кезегінде апат қаупін арттырады. Көлік иелерінің ереже сақтамауы – бағдаршамның қызыл белгісі жанып тұрса да өтіп кетуі, жолақ ауыстырғанда белгі бермеуі, арақашықтық сақтамау және алкоголь қолданған күйде көлік басқару. Біздің сарапшылар бұл қатарға жас жүргізушілердің тәжірибесіздігін және техникалық ақауларды да жатқызады. Мәселен, көлік тежегішінің істен шығуы, дөңгелегі, жарығында ақау болса, ол да апатты жағдай тудырады.

Астанада жыл басынан бері жаяу жүргіншілердің қатысуымен 212 жол-көлік оқиғасы тіркелді. 4 адам қаза тапты. 217 адам әртүрлі дене жарақаттарын алды. 47 жаяу жүргіншінің кінәсі дәлелденді. Көмелетке толмаған жаяу жүргіншілердің қатысуымен 149 жол-көлік оқиғасы болды. Оның салдарынан 2 бала қаза тапты. 164 бала әртүрлі дене жарақаттарын алды. Оның ішінде 20-сы көмелет жасқа толмағандардың кінәсінен болды. Көмелет жасқа толмағандар көбіне

белгіленбеген жерде ойнайды, велосипед тебеді немесе доп ойнап жүріп белгіленбеген жерден жүгіреді. Немесе жүргізушілер аулада артқа жүру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтамайды.

– Алдын алу үшін департамент тарапынан қандай жұмыстар атқарылуда?

– Астана қаласының Полиция департаменті жол-көлік оқиғаларын алдын алу бойынша әртүрлі жедел профилактикалық шаралар өткізіп келеді. Мақсаты – ереже бұзушыларды әкімшілік құқық бұзушылыққа

тарту ғана емес, жол ережелері жайлы үйрету, жүргізуші мәдениетін қалыптастыру. Түрлі бейнероликтер дайындап, ескерту түрінде парақшалар таратылады. Балабақша, мектеп, университеттерде де жол ережелері үйретіледі. Қазіргі уақытта департамент жол көлік оқиғаларының алдын алу бойынша бағдаршамдарға әртүрлі өзгерістер енгізуде. Мәселен, мектеп айналасындағы жылдамдықты 20км/сағ түсірді. Арнайы камералар қойылып, жол ережесін өрескел бұзған жүргізушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылып жатыр.

– Өткен айдан бастап мопедтер де көлік құралы санатына жатқызылды. Астанада тіркеу қалай жүргізілуде?

– Дұрыс айтасыз, қарапайым техникалық сипаттамаларына қарамастан, көп жағдайда мопедтер жол қозғалысына да, айналадағы адамдардың да өміріне қауіп төндіреді. Сол себепті мемлекет бұл саладағы бақылауды күшейтуді қолға алды. Мопедтер де кәдімгі көлік құралдары сияқты міндетті түрде тіркеледі. Олардың иелері де көлік жүргізушілеріне қойылатын талаптарға сай рәсімдерден өтуі тиіс. Енді мопедті заңды түрде басқару үшін А1, А немесе В санатындағы жүргізуші куәлігі болуы шарт. Сонымен қатар мопедті Полиция органдарында тіркеу, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру полисімен техникалық байқаудан өткені туралы құжат қажет. Дәл қазір Астанада мыңнан астам мопед тіркелді. Әлі де болса талаптарды білмейтін немесе тіркеуді кейінге қалдырып жүрген азаматтарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Тіркеу міндетті екенін, орындамаған жағдайда заң аясында жауап

кершілік қарастырылғанын айтамыз. Егер көмелет жасқа толмаған балалар мопед, электросомакат айдап жүретін болса, оларға жаза қолданылмағанымен, заңды өкілдері, яғни ата-аналары қатаң әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

– Елордада құқықбұзушылыққа қатысты жыл басынан бері қанша адамға айыппұл салынды?

– Астана қаласында жыл басынан бері 551 469 құқық бұзушылық тіркелді. Салынған айыппұлдың жалпы сомасы 6 млрд теңгеден асты. Жеке тоқталып кететін болсақ, бейнекамералардың көмегімен анықталған құқық бұзушылықтардың саны 377 мыңнан асады. Салынған айыппұлдардың сомасы 3 млрд 885 млн болса, оның 3 млрд 114 миллион теңгесі өндірілді. Айыппұл тек камералармен ғана анықталмайды. Полиция қызметкерлері бақылау барысында тек жолдың бойындағы ғана емес, қоғамдық орындарда тәртіпті бұзған, мысалы, аулада түнгі уақытта шулаған, белгіленбеген жерге қоқыс төккен немесе балағат сөз айтқан әрекеттерді де анықтайды. Ондай анықталған құқық бұзушылықтың саны – 68 мың. Яғни, жалпы сомасы 827 млн теңгені құрады. Азаматтарға бірінші рет айыппұл салынады, егер бір жылдың ішінде қайталанатын болса әкімшілік іс сотқа жолданады. Ондай азаматтар соттың шешімімен әкімшілік қамауға алынады. Қысқаша айтқанда, біздің мақсат айыппұл салу емес, жалпы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету екенін ұмытпаған жөн.

Сұхбаттасқан
Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

ЗАҢНАМАҒА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ?

2025 жылы Қазақстанда қоғамдық және жол қауіпсіздігіне қатысты заңдарға маңызды өзгерістер енгізілді

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР:

Жаңа айыппұлдар енгізілді:

- Терезеден басын/денесін шығару – жолаушыға да, жүргізушіге де **10 АЕК** айыппұл (38 000 теңге).
- Қарсы жолаққа шығу – **30 АЕК** айыппұл (шамамен 114 870 тг), егер жүргізуші мүгедек болса да.
- Қарсы жолаққа шығып, жол апатына себеп болу – **9 айға** жүргізуші куәлігінен айырылу.
- Теміржол өткелінен өтіп, жол апатына себеп болу – **9 айға** жүргізуші куәлігінен айырылу.
- Теміржол бойында мал бағу – тек **5 АЕК** айыппұл (ескерту алынып тасталды).
- Ауаны шамадан тыс ластайтын көлікті қолдану – **10 АЕК** айыппұл (ескерту болмайды).
- Жаяу жүргіншінің жол ережесін қайта бұзуы – айыппұл **5 АЕК**.

ЕСІРТКІ ҚОЛДАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙТІЛДІ:



Қоғамдық емес жерде есірткі не психотроптық зат қолдану – **40 АЕК** айыппұл немесе 10 тәулікке дейін қамау

Қайталанса – **80 АЕК** немесе 20 тәулікке дейін қамау.

Ал қоғамдық орында қолдану – қылмыстық жауапкершілік.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап азот тотығы сияқты заттарды қолдану үшін де жауапкершілік енгізіледі.

АРНАЙЫ ОРГАНДАР ЖҰМЫСЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРУ:

БАҚ немесе интернет арқылы арнайы органдарға кедергі жасау – **30 АЕК** айыппұл немесе 15 тәулікке қамау.

ЖАЛҒАН ШАҚЫРУЛАР МЕН БАСҚА ДА БҰЗУШЫЛЫҚТАР:

- Арнайы қызметтерді жалған шақыру:
 - алғаш рет – **60 АЕК**,
 - қайталанса – **120 АЕК**.
- Көмелетке толмағандар жасаған құқықбұзушылық үшін ата-аналарға ескерту болмайды, айыппұл – **15-30 АЕК**.
- Арнайы көліктерге жол бермеу:
 - алғаш рет – **20 АЕК**,
 - қайталанса – **40 АЕК**.
- Жасыл желектерге зиян келтіру – **30 АЕК** айыппұл, ескерту алынып тасталды.

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙЛАР:

- Тұрақ үшін төлем жасамау:
 - алғаш рет – **1 АЕК**,
 - қайталанса – **2 АЕК**.
- Материалдық шығынмен аяқталған жол апаты:
 - жүргізуші куәлігінен айыру алынып тасталды,
 - тек **20 АЕК** айыппұл салынады.

2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жаңа жаза түрі енгізілді — қоғамдық жұмыстар.

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАР МЫНА ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛУЫ МҮМКІН:

- Отбасылық жанжал,
- Ұсақ бұзақылық,
- Қоғамдық орындарды ластау,
- Қоғамдық көлікке жол бермеу (қайталау),
- Мас күйінде болу (қайталау),
- Сот шешімін орындамау және т.б.



СОТТАЛҒАНДАР БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

Астанада «Заң және Тәртіп» қағидасын жүзеге асыру аясында Сарыарқа ауданы прокуратурасының бастамасымен жергілікті полиция және пробация қызметтерімен бірлесіп сотталғандарды тұрғылықты жері бойынша тексеру жөнінде жедел-профилактикалық іс-шаралар жүргізілді.



Іс-шараның мақсаты – сотталғандардың сот жүктеген міндеттерін орындауын бақылауды қамтамасыз ету және рецидивтік қылмыстардың алдын алу.

Мұндай шаралар құқықтық тәртіпті нығайтуға, елордада қауіпсіз орта құруға және сотталғандардың құқықтық сана

деңгейін арттыруға бағытталған.

Үш ведомствоның үйлестірілген жұмысы құқық қорғау жүйесінің қылмыстың алдын алудағы тиімді ынтымақтастығын көрсетті.

Профилактикалық жұмыстың қорытындысы бойынша мобильді топ-

тар тұрғылықты жері бойынша тіркеусіз тұрғаны үшін 11 адамды әкімшілік жауапкершілікке тартып, түнгі уақытта тұрғылықты жерінде болмағаны үшін 46 ескерту жасады және пробация қызметіне хабарламай тұрғылықты жерін өзгерту туралы 19 ескерту шығарды.

**ХАЛЫҚҚА БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР
ӨТКЕН ЖЫЛЫ 20,3 ТРЛН ТЕҢГЕ-
НІ ҚҰРАСА, БИЫЛ НАУРЫЗ-
ДА ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ҚАРЫЗ-
ДАРДЫҢ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙЫП,
21,4 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ**

**БІР БАТЫРМА –
БІР ЖЫЛДЫҚ ҚАРЫЗ**

Цифрлы заманда сиқырлы қолжетімділік халықтың кәдесіне жарап тұр. Үйден шықпай-ақ көп шаруаны реттеуге болады. Несиеге деген әрекет те дәл солай. Ұялы телефоннан банктің қосымшасына кіріп, керек еткен ақшаңызға өтінім берсеңіз, 1-2 минутта қаражатыңыз толығып тұрады. Несие алу жылдам, бірақ қайтару берешегі ұзаққа созылады. Үстеме ақысы да еселене бермек.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің берген деректеріне сүйенсек, халыққа берілген кредиттер өткен жылы 20,3 трлн теңгені құраса, биыл наурызда тұтынушылық қарыздардың көлемі ұлғайып, 21,4 трлн теңгеге жетті. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға ұлғайып барады.

«Қазақстанға JP Morgan сияқты ең төменгі пайыздық мөлшерлемесі бар банк келсе де, 15,5 пайыздан төмен несие бере алмайды. Өйткені ол шығынға ұшырайды» дейді экономист-сарапшы Айбар Олжай. Яғни бұл несиенің үстемақысы әзірге төмендемейтінін білдіреді. Мәселен, 200 мың теңге несие алсақ, пайыздық мөлшерлемесі қалай өзгеретінін зерттеп көрейік. Екінші деңгейлі банктер, атап айтқанда, Forte bank пен Halyk bank несиеіні бір жылға бергенде, пайыз мөлшері 13 пайыз болса, ал Jusan bank – 22 пайыз, Kaspi bank 23 пайызды құрайды: 4 түрлі банк, 4 түрлі шарт. Сондықтан несие алар кезде, шешім қабылдамас бұрын алдымен салыстырған жөн.

НЕСИЕ НӘСПІ БОЛА МА?

– Бүгінде еңбекке жарамды халықтың 85-90 пайызының атына несие тіркелген. Бұл – өте жоғары көрсеткіш. Ең өкініштісі, бұл несиелердің көбі кәсіп бастауға емес, тұтынушылық мақсаттарға жұмсалады. Халық тұрмыс техникасын алады, той жасайды, бұрынғы қарызын жабады. Мұның басты себебі – қаржы сауатының төмендігі. Көп адам несие шарттарына терең үңілмейді. Бастысы – «қазір керек», ал кейінгі салдары туралы ойланбайды. Банктер де соны пайдаланып, жылдам рәсімдеуге, қосымша қызметтерге сүйенеді. Бүгінде банктердің несие портфелінің басым бөлігі тұтынушылық бағытқа арналған. Бұл – қысқа пайда, бірақ ел үшін қауіпті үрдіс. Сондықтан банктер корпоративтік, яғни бизнесті несиелендіруге көшуі тиіс. Халыққа несие алуды емес, оны дұрыс басқаруды үйрету қажет. Қаржы сауаттылығы – тек жеке адамның емес, бүкіл елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің негізі, – дейді қаржы саласының маманы Нуржан Сейтматов.

Несиеден дем татқандар тек ересектер емес. Қарыздар болғандардың қатарын жастар да толықтырып тұр. Заманның озық үлгілі технологиясын алып, оқ бойы озып шығуды ойлайды. Қаражат жоқ, тағы да несиеінің көмегіне жүгінеді. Бірақ қаржы сауатсыздығы, жоспарсыз қадам және эмоционалдық шешім олардың өмірін күрделендіріп жібереді. Қарыздан қашып, жақындарынан жасырынып, ішкі күйзеліске ұшырайды.

Берешегін өтей алмай, банктің қара тізіміне енген елордалық Әлішер Байбосынұлы алғашында несиеіні жай ғана



НЕСИЕ АЛУ – ОҢАЙ, ҚАЙТАРУ – ҚИЫН

Ақшадан қысылғанда бәріміздің баратын «панамыз» – банк. Қиналып келгенде өгей көрмей, қанатының астына басады. Қайтарымсыз көрінген «жақсы» несиенің төлемі қаншалықты қиын? Бүгінде несиенің әлегімен әбігер болғандар көп. Бір адамның банкке қыруар қарызы екінші банктен несие алуға кедергі болмайды. Қарыз алушының төлем қабілеті неге ескерілмейді? Салдарынан айлығы шайлығынан аспайтын азаматтардың басында төлейтін несиесі көбейді.

телефон алайын деп алғанын айтады.

«Ай сайын 20 мың теңге ғана төлейсің» деді менеджер. Бірақ жұмысым тұрақты емес еді. Бір ай төлеп, екіншісін кешіктірдім. Сөйтіп үсті-үстіне өсімі қосыла берді. Артынан коллекторлар хабарласып, ата-анама дейін мазалап, жүйкемді жұқартты. Қазір ештеңе алмас бұрын он рет ойланып барып шешім қабылдаймын. Несие – уақытша қуаныш, бірақ егер есебі дұрыс болмаса, ұзаққа созылған өкінішке айналады екен» дейді ол.

Халық қажеттіліктен банкке жүгінеді. Тұрақты табысы жоқ Әлішер секілді азаматтарға несие оңай беріле салған сияқты.

**САУАТСЫЗДЫҚ
САЛДАРЫ**

Халықтың несие алудағы қателіктері көбіне қаржы сауатының төмендігінен туындайды. Көп адам несие алу қажеттілігін нақты бағаламай жатып шешім қабылдайды. Мәселен, қажетсіз заттарға немесе той-жиындарға несие алу оны қайтара алмауға әкеледі. Төлеуші тарап банк пен несие алушының келісім-шартын толық оқымастан қол қойып, ақшасын тезірек алуды ойлайды. Оның салдары үлкен қателікке алып келуі мүмкін.

Экономист Мақсат Халық қазіргі кезде несиесіз адам табу қиын екенін айтады. Кез келген несие пайдалы бола бермейді. «Банк ұсынып тұр екен деп құжаттарға көз жүгіртпестен қол қоя салу – үлкен қателік. Несие алудың да өз тәртібі, есеп-қисабы бар. Қаржылай сауатты адам, ең алдымен, шарттармен мұқият танысып, депозит пен несиеінің тиімдісін таңдай білуі керек» дейді сарапшы.

Жалпы көп жағдайда несие алғаннан кейін оны өтеу жоспарын құра алмайтындар көп. Қиындық туындағанда, бұрынғы несиені жабу үшін жаңа несие алу секілді қателік жиі жасалады, бұл қаржылық ауыртпалықты арттырады. Бұған қоса, өз төлем қабілетін ескермей несие алу да өзекті мәселеге айналды. Несиеіні тұтынушылық мақсатта пайдаланып, оны бизнеске немесе инвестицияға айналдыру жолдарын білмеу де азаматтарды қаржылық қиындыққа душар етеді. Сондықтан несие алу алдында нақты жоспар

құрып, қаржылық жағдайды мұқият бағалау өте маңызды. Бұл қаржылық сауаттылықты арттырып, жауапкершілікпен қарауға үйретеді және қаржылық қиындықтардан сақтайды.

ӨЗІҢ БЫЛІП, БҰҒАУ САЛ!

Қарыз алудан қашсаңыз, ең тиімді жолы бар. Еліміздегі eGov порталында халықты несиеден шектеуге арналған норма іске қазысы несие рәсімделсе, онда ол қарыз автоматты түрде жо-йылады. Бұл норма 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енді. Сол жылы бұл қызметті 920 мыңнан астам қазақстандық пайдаланған екен.

Егер азамат аталмыш қызметті қосып, өз атына несие алуға тыйым салған болса, ал соған қарамастан банк немесе микроқаржы ұйымы ол тыйымды елемей, оған несие рәсімдесе – бұл жағдай енді тұтынушының емес, қаржылық ұйымның тікелей жауапкершілігіне жатады. Мұндай жағдайда несие заңсыз деп танылады және толық көлемде кешірілуі тиіс. Бұл – азаматтың құқығын қорғайтын нақты әрі заңды норма. Яғни тұтынушы өзінің қауіпсіздігін алдын ала қамтамасыз етсе, қаржылық ұйым оның шешіміне құрметпен қарауы тиіс. Әйтпесе барлық салдары сол ұйымның өз мойнына жүктеледі.

Жобаның тағы бір ұтымды тұсы – сіздің атыңызға жаңа несие алу мүмкіндігін бөгейді, яғни алаяқтардың сіздің атыңызға заем рәсімдеуіне жол бермейді. Алайда бұған дейін алған несиелеріңіз, ипотекаңыз

немесе бөліп төлеу төлемдеріңіз өз күшінде қалады және оларды мерзімінде өтеуіңіз керек. Бұл қызмет жаңа қарыздардың берілуін тоқтатады, бірақ бұрынғы қарыздарды жоюға немесе кешіруге әсер етпейді.

Сондай-ақ бұл қызметте шектеудің мерзімін өзіңіз таңдап, кез келген уақытта келісімді үзе аласыз. Осындай әдіс арқылы несиеінің құрсауынан қашып, уақытша бұғау салуға болады.

**ҚАРЫЗЫ ЖОҚ АДАМ –
БАЙ АДАМ**

Бүгінде біреу «менде несие жоқ» десе, айналасы таңырқай қарап, тіпті одан асқан бақытты адам жоқтай көреді. Расында, қазіргі қоғамда қарызсыз өмір сүру – таңсық нәрсе. Несие алу қалыпты үрдіске айналып кеткен. Бірақ бұл қалыпты үрдістің артында көпшілік аңғармайтын қауіптер мен қателіктер жасырынып жатыр.

Несие – қаржы құралы. Ол дұрыс қолданылса – үлкен мүмкіндік, ал есепсіз алынған қарыз – қыл мойынға түскен қамыт. Несие адамның бүгінгі табысын емес, ертеңгі табысын алдын ала жұмсауы. Яғни болашақтағы еңбегіңізді кепілге қоя отырып, қазіргі мақсатты қанағаттандыру. Мұнда басты мәселе – адамның өз мүмкіндігін асыра бағалауы. Қоғамда қалыптасқан көзқарас бойынша бәрі тез, бәрі оңай әрі қолжетімді болуы керек сияқты көрінеді. Әсіресе әлеуметтік желілер мен жарнамалар арманды тауарға айналдырып жіберді – жаңа телефон, сәнді көлік, қымбат киім, шетелдегі демалыс... Ал несие сол арманға бір қадам жақындататын құрал болып көрінеді.

**Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің студенті**

P.S: *Несие алмас бұрын әр азамат бір сәт ой-ланып, «мен бұл қарызды қалай, қандай жағдайда, қанша уақыт ішінде қайтарамын?» деген сұраққа нақты жауап табуы керек. Қаржы сауаттылығы дегеніміз – тек ақшаны санау емес, өз арманың мен мүмкіндігіңнің арасын ажырата білу. Арманның құны болатынын ұмытпайық, ал сол құнның салмағы иыққа ауыр тимеуі үшін әр шешімді саналы түрде қабылдаған жөн.*

ТҰЛПАР КҮНІН БЕЛГІЛЕЙІК

Елімізде жылқы шаруашылығына бет бұру – өткеннің өнегесін жалғау ғана емес, болашаққа бағдар. Бүгінде жылқы саны 4,2 миллионға жетті, десек те бұл салада қолға алатын бірқатар мәселе бар. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тегіміз – түркі, түлігіміз – жылқы, арғымақты айрықша қадірлеген елміз. Тұтас тарихымыз тұлпардың тұяғымен жазылған. Жалпы қазақтың мінер көлігі де, ішер асы да жылқымен тығыз байланысты» деп ерекше атап өткен еді.

Еліміз жыл сайын 160 мың тоннадан астам жылқы етін өндіреді. Алайда мол ресурстың дені өңделмейді, ішкі нарықтың өзінде сату жүйесі реттелмеген. Шетелден сапасыз арзан ет импорттауға мәжбүрміз. Бие сүті мен қымыз – жай ғана дәстүрлі сусын емес, денсаулыққа шипасы мол функционалдық тағам. Сондықтан бие сүтін өңдейтін кәсіпорындар ашып, шетелге экспорттау – маңызды міндет. Кадр мәселесі: шабандоз, атбегі, тағашы, ипполог-ветеринар, зоотехник-конеовод, атқа міну нұсқаушысы сынды негізгі мамандықтар бойынша елімізде жүйелі білім беру әлі жолға қойылмаған. Колледждер мен жоғары оқу орындарында арнайы бөлімдер ашу, мемлекеттік гранттар бөлу қажет.

Жас ұрпақ арасында жылқы мәдениетін насихаттау – стратегиялық маңызы бар міндет. Қазіргі мектеп бағдарламаларында жылқының қазақ мәдениетіндегі, тарихындағы орны жүйелі түрде қамтылмаған. Осы орайда мектеп бағдарламасына жылқының анатомиясы, күтімі, ерекше қасиеттері жайлы арнайы модуль енгізу керек. Қазіргі ипподромдардың көбі жаңартуды қажет етеді, кейбір өңірлерде мүлдем жоқ. Осыған байланысты өңірлерде кемінде 5 заманауи ат спорты кешенін салу қажет. Алматыдағы кезінде сатылып кеткен мәдени ескерткіштер тізіміндегі ипподромды қайтадан коммуналдық меншікке қайтаруды сұраймыз. Ақтөбеде Президент тапсырмасымен ашылған жылқы шаруашылығын дамытуға арналған



ғылыми-зерттеу институтының жұмысы жандану үшін қаржы мәселесін шешу қажет.

Ұлттық ат спорты ойындарын этнофестивальдермен үндестіру, ауылдар мен шағын қалаларда клубтық инфрақұрылымды дамыту маңызды. Өз еліміздің ішінде республикалық көшпенділер ойынын жыл сайын әр аймақта кезекпен дәстүрлі өткізуді ұсынамын. Иппотерапия – ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін ғылыми тұрғыда дәлелденген тиімді оңалту әдісі. АҚШ, Германия, Канада сияқты елдерде бұл тәжірибе ұлттық денсаулық сақтау жүйесіне енгізілген. Зерттеулер көрсеткендей, атқа міну аутизм, БЦП және басқа да неврологиялық диагноздармен өмір сүретін балалардың қозғалыс координациясын, сөйлеу және эмоционалдық дамуын едәуір жақсартады. Осыған байланысты иппотерапияны ТМҚКК және МӘМС пакеттеріне енгізіп, мамандар даярлап, өңірлерде оңалту орталықтары жанынан бөлімшелер ашу қажет. Бұл – инклюзивтік қоғам құруға жасалған нақты қадам.

Жылқының қазақ тарихындағы рөлін символикалық тұрғыдан мойындау – уақыт талабы. Көптеген мемлекетте жылқыға арналған ұлттық күндер бар. Қазақстанда да «Тұлпар күні» деп арнайы датаны бекітуді ұсынамын. Жылқы тек тарихи мұра емес, экономиканың, спорттың, білім мен медицина салаларының, ұлттық идеологияның толыққанды бір бөлігіне айналуы тиіс. Үкіметтің назарына мына мәселелерді ұсынғым келеді:

– Агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі ұлттық жобаға, Оқу-ағарту министрлігінің кәсіби бағдар және азаматтық тәрбие бағытындағы бағдарламаларына; Денсаулық сақтау және Еңбек министрліктерінің оңалту қызметтерін кеңейту жоспарларына; Мәдениет және спорт министрлігінің ұлттық мұраны сақтау және ұлттық спорт түрлерін дамыту жөніндегі саясатына енгізу;

– «Тұлпар күні» ұлттық мерекесін ресми түрде бекіту; – жылқы шаруашылығы және иппотерапия салаларында кадр даярлау стандарттары мен оқу бағдарламаларын әзірлеу; – иппотерапияны бюджет және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі есебінен қаржыландырылатын медициналық және әлеуметтік қызметтер тізіміне енгізу.

**Аманжол ӘЛТАЙ,
Мәжіліс депутаты**

№965-66 (4810) 05/06/2025 Бейсенбі

ТҮТҚЫН АЛМАСУДАН
БАСҚАҒА СЕБІ ЖОҚ

2 маусым күні Ыстанбұл қаласында Ресей мен Украина арасындағы келіссөздің кезекті раунды өтті. Бір сағаттан астам уақытқа созылған кездесуден кейін екі тарап келіссөз нәтижелері бойынша өз мәлімдемелерін жариялады.

Келіссөзде Украина делегациясын Қорғаныс министрі Рустем Умеров басқарды. Оның айтуынша, тараптар Түркия арқылы атысты тоқтату шарттары қамтылған меморандумды бір-біріне тапсырған. Сонымен қатар тұтқын алмасу мәселесінде де уағдаластыққа келген. Алайда Ресей атысты тоқтату және екі ел президенттерінің кездесуіне келіспегені белгілі болды. Дегенмен екі тарап ауыр жараланған және денсаулығы нашар әскери тұтқындар, сондай-ақ 25 жасқа толмаған сарбаздарды алмасатын болды. Украина делегациясы, сондай-ақ, қаза тапқан әскерилердің мәйітін «6000х6000» формуласымен алмастыруға келісіп отыр. Сонымен бірге маусым айының соңына дейін тағы бір келіссөз өткізуді ұсынды. Украина президенті кеңсесінің басшысы Андрей Ермак Ресейге заңсыз түрде алып кеткен украин балаларының тізімі берілгенін мәлімдеді.

Келіссөзге Ресей тарапынан президенттің көмекшісі Владимир Мединский жетекшілік етті. Кездесу соңында ол Мәскеу Украинаға 6000 офицердің мәйітін береді деп мәлімдеді, алайда «Ресей Украинаға 6000 офицердің мәйітін береді, ал оларда біздің 6000 офицеріміздің мәйіті бар-жоғы белгісіз» деді.

Мединский тұтқын алмасу көлемі мың адамнан кем болмайды деп хабарланды. Сонымен қатар Ресей майданның кейбір бөлігінде мәйіттерді алып шығу үшін атысты бірнеше күнге тоқтатуды ұсынды. Ресей делегациясының жетекшісі Украинаның заңсыз депортацияға байланысты тізімін қабылдағанын және онда 339 баланың аты барын атап өтті. Дегенмен Мединский Украина тарапын балалар мәселесін саясиландырып, пиар науқанға айналдырды деп айыптады. Бұл – биылғы Ыстанбұлдағы екінші келіссөз. 16 мамырдағы кездесуден соң екі тарап «1000х1000» формуласы бойынша тұтқын алмасу туралы келісімге келіп, атысты тоқтату шартын жазбаша түрде ұсынуға уағдаласқан еді.

ТАРАПТАРДЫҢ ТАЛАБЫ
ҚАНДАЙ?

ТАСС агенттігі таратқан мәліметке сәйкес, Ресей дайындаған меморандумда Киевке, ең алдымен, ел аумағында сайлау өткізу, содан кейін ғана бейбіт келісімге қол қою ұсынылған. Құжатта билік құрылымдарын қалыптастырудың да реті жазылған. Мәскеу ұсынған жобада Қырым, Донбасс және Ресей армиясы бақылауына өткен өзге аумақтар «Новороссия» деген атаумен Ресей құрамына халықаралық деңгейде танылуы тиіс деп көрсетілген. Сонымен бірге Ресей атысты тоқтатқаннан кейін 30 күн ішінде Украина әскерін бұл аймақтардан толық әкетугі қажет деген талап бар. Мәскеу сондай-ақ Киевтің әскери коалицияларға қосылуына қарсы болып, Украинада мобилизация тоқтатылсын, саяси тұтқындар мен бейбіт тұрғындарға рақышпылық жариялансын, шетелдік әскери көмек тоқтатылсын деген шарт қойған.

Reuters агенттігінің дерегінше, Украина Ыстанбұлдағы келіссөзге «бейбітшілік пен келіссөз процесінің негізгі принциптері» атты меморандуммен келген. Онда атысты құрлықта, теңізде және әуе кеңістігінде 30 күнге толық әрі сөзсіз тоқтату ұсынылған. Бітім сақталуын АҚШ және басқа үшінші елдердің бақылауымен жүзеге асыру көзделген. Киев сонымен бірге «бірін бөріне» қағидасы бойынша тұтқын алмасуды және даулы аумақтар мәселесін атыс толық тоқтағаннан кейін ғана талқылауды ұсынған. Украина құжатта өзіне НАТО мен ЕО-ға мүше болу құқығын сақтап қалатынын жазып, армия саны мен шетел әскери қатысуына шектеу қойылмайтынын атап көрсеткен.

Зеленский Кремль ұсынған талаптарды «ультиматум» деп атап, Ресейдің мәйіт жинау үшін уақытша бітім жа-

ТАЛАП ПЕН ТАРТЫС

Украина-Ресей соғысы бүгінде классикалық құрлықтық соғыстан заманауи технологиялар мен стратегиялық шабуылдарға негізделген жаңа сипат ала бастады. Бұл қақтығыс – тек майдан шебіндегі соғыс қимылдары емес, әуеде, теңізде, кибер кеңістікте жүріп жатқан мүдде қақтығысының көрінісі. Соғыстың алғашқы кезеңінен-ақ Ресей өзінің соққы жасау әлеуетін жоғары дәлдіктегі зымырандармен, дыбыстан жылдам бомбалаушы ұшақтарымен көрсетсе, Украина жағы Батыс елдерінен келген заманауи қару-жарақтың көмегімен тойтарыс беруге көшті. Әсіресе әуе кеңістігін бақылау, стратегиялық мақсаттарға соққы беру, барлау жүргізу бүгінгі соғыстың шешуші факторларының біріне айналды.



риялау ұсынысын сынға алды. «Бітім тағы да адам өлімі болмас үшін қажет. Мединский бұл мәселені техникалық жағынан түсінбейді» деді Зеленский. Ол Ресейдің бұл бастамасын Батыс санкцияларын уақытша тоқтату үшін жасап отырған дипломатиялық қадам деп бағалады. Сонымен қатар ол Түркия президенті Режеп Тайып Ердоғанның Ресей, Украина, АҚШ басшыларының қатысуымен кездесу өткізу идеясын қолдайтынын айтты. «Алайда мұндай кездесу атысты тоқтатады деп үміттенбеймін» деді Украина президенті.

Ыстанбұлдағы келіссөз нәтижесінде Түркия президенті Ердоған Владимир Путин, Владимир Зеленский және Дональд Трамптың қатысуымен саммит өткізгісі келетінін мәлімдеді. Ал Ақ үй баспасөз хатшысы Кэролайн Ливитт Трамптың мұндай бастаманы қолдайтынын растады. «Президент мұндай келіссөзге ашық. Алайда оған екі тараптың да көшбасшылары қатысуы тиіс» деді ол.

ҚЫРЫМ КӨПІРІН
ҚИРАТПАҚ

3 маусым күні таңертең Украина Қырым көпіріне кезекті соққы берді. Бұл – соңғы үш жыл ішінде аталған нысанға бағытталған үшінші ірі операция. Бұған дейін 2022 және 2023 жылдары жасалған шабуылдардан айырмашылығы – бұл жолғы соққы су астынан жасалған.

Украина тарабының ақпаратына сүйенсек, Украина қауіпсіздік қызметінің арнайы агенттері көпірдің су астындағы тіректеріне 1100 килограмм тротилге тең жарылғыш затты орнатып үлгерген. Таңғы 4:44-те жарылыс болып, көпірдің тірек конструкциялары қатты зақымданған. Шабуылдан кейін Василий Малюк «Қырым көпірі – Украинаға қару-жарақ тасымалданатын логистикалық күретамыр. Ол – заңды әскери нысан. Біз оған жол бере алмаймыз» деп мәлімдеді.

Бұл – Қырым көпіріне жасалған алғашқы шабуыл емес. 2022 жылдың 8 қазанында жүк көлігіне жасырылған жарылғыш затпен көпірдің бір бөлігі опырылып, көлік және теміржол қозғалысы бірнеше аптаға тоқтаған. 2023 жылдың 17 шілдесінде су және жерүсті дрондарының көмегімен екінші мәрте соққы берілді. Ол кезде екі адам қаза тапқан еді.

РЕСЕЙ АВИАЦИЯСЫНА
ЖАСАЛҒАН АУЫП СОҚҚЫ

Қырым көпіріндегі соңғы жарылыс – Украина қауіпсіздік құрылымдарының соңғы апталардағы белсенді әрекеттерінің жалғасы. Бұған дейін

1 маусымда Василий Малюктың басшылығымен Ресейдің тылындағы 5 әскери аэродромға бір мезетте жасалған шабуыл кезінде, Украина тарабының мәліметінше, 41 әскери ұшақ жойылып, стратегиялық әуе күштерінің 34 пайызына зақым келген. Украина бұл операцияны «Өрмек» деп атады және келтірілген шығынды 7 миллиард АҚШ доллары деп бағалады.

Шабуыл барысында зақымданған ұшақтардың ішінде Ресей әскери-әуе күштерінің ең қымбат әрі сирек үлгілері бар. Солардың бірі – Ту-22М3. Бұл – дыбыстан жылдам, қанаты өзгермелі, алыс қашықтықтағы нысаналарды көздеуге арналған бомбалаушы. Сағатына 2300 шақырым жылдамдықпен ұшатын алып техника бір жолда 24 тоннаға дейін алып ұша алады. Ұшу қашықтығы – 6800 шақырым. Кеңес Одағында 1972 жылдан бастап жаппай өндірілген ұшақтың 1997 жылы құрастыруы тоқтатылғанмен, 2023 жылдың тамызына дейін Ресейдің Әуе-ғарыш күштерінде әлі де 57 бірлігі қызмет етіп тұрған. Ал Ту-95 – бүгінгі әлемде қызмет етуде қалған жалғыз төрт турбовинтті стратегиялық бомбалаушы. Кеңес Одағындағы Туpoleв конструкторлық бюросы жасаған алып әуе техникасы Қырғи-қабақ соғыс кезінде кеңінен қолданылды. Әуеден атылатын зымырандарды тасымалдай алатын Ту-95 ұшағы 20 тоннаға дейін жүк көтеріп, 12500 шақырымға дейін тоқтаусыз ұша алады.

2023 жылдың ортасындағы дерекке сүйенсек, шамамен 60 Ту-95 ұшағын әлі де сапта ұстап отыр. Бұл стратегиялық ұшақтарды 2040 жылға дейін пайдалану жоспарланған.

Ту-160 – дыбыстан жылдам ұшатын, қанаты өзгермелі стратегиялық бомбалаушы-зымыран тасығыш. Әскери авиация тарихындағы ең ауыр, ұшу массасы ең үлкен, жылдам әрі қуатты ұшақтардың бірі саналады. Ұшқыштар қауымында бұл техника «Аққу» деген атпен белгілі. Экипажи – 4 адам. Жүк көтерігіштігі – 40 тонна. Максималды жылдамдығы – 2200 км/сағ. Ұшу қашықтығы – шамамен 12300 км. 2024 жылы Ресей Әуе-ғарыш күштері сапында 20 дана Ту-160 ұшағы қызмет еткен.

1984 жылдан бері қолданыстағы А-50 – қарсы шабуылға дайындалу мен жау әрекетін ерте ескертуге арналған барлау ұшағы. Кеңес заманында жасалған бұл радиолокациялық жүйе әуе кеңістігін бақылауда маңызды рөл атқарады. Ұшу қашықтығы – 7500 км, радар қамту аймағы – 800 км. Бір ұшақтың құны – 330 миллион доллар шамасында. Дегенмен соңғы кездері бұл ұшақтан Ресейде қазір 10 шақтысы ғана қалды, оның 3-еуін Украина қиратты деген мәлімет бар.

Қысқасы, Қырым көпіріне жасалған соққы және «Өрмек» операциясы – Украина барлау және қауіпсіздік құрылымдарының нақты бағытталған, жоғары дәлдікпен ұйымдастырылған әскери шабуылдар жүргізуге қабілетті екенін көрсетті. Бұл – Ресейдің тылындағы маңызды инфрақұрылымдардың енді қауіпсіз емес екенін аңғартатын кезекті белгі.

КРЕМЛЬГЕ ҚЫСЫМ
КҮШЕЙЕ МЕ?

3 маусымда Украина президенті кеңсесінің басшысы Андрей Ермак Вашингтонға арнайы сапармен барды. Ол сапардың негізгі тақырыбы Украинаға қорғаныс көмегін арттыру, майдандағы жағдай және Ресейге қарсы санкцияларды күшейту екенін хабарлады.

Ермактың сөзінше, ерекше назарды АҚШ сенаторы Линдси Грэмнің ұсынған санкцияларды қатаңдату жөніндегі заң жобасы аударады. Бұл құжатта Ресей мұнайын халықаралық шектеулерге қарамастан сатып алатын елдерге 500 пайыздық кедендік баж салығын енгізу қарастырылған. Украина бұл бастаманы агрессор елге қарсы экономикалық қысымды күшейтудің маңызды құралы деп бағалап отыр. Андрей Ермак пен оның командасы Вашингтонда республикашылдар мен демократтардың Украинаға қолдау білдіріп жүрген өкілдерімен, сондай-ақ Дональд Трамп әкімшілігінің мүшелерімен бірнеше маңызды кездесу өткізеді деп күтілуде.

АҚШ сенаторы Линдси Грэм 2 маусымда Берлинде Еурокомиссия төрайымы Урсула фон дер Ляйенмен кездесті. Кездесу барысында АҚШ пен Еуроодақ санкция саясатын үйлестіру мәселесін талқылады. Урсула фон дер Ляйен Ресейге қысымды одан әрі күшейтуді қажет деп атап, Еуроодақ 18-санкция пакетінің дайындық сатысында екенін айтты. Ол санкциялар Ресейдің энергетикасы мен банк секторына бағытталған.

Заң жобасында Ресейден мұнай, газ, уран сатып алатын Қытай, Үндістан сияқты елдерге 500 пайыздық баж салығы енгізіледі. Алайда АҚШ президенті Дональд Трамп бұл бастаманы әлі қолдамай отыр. Трамп Мәскеудің бейбіт келісімге келу ықтималдығын алға тартып, Путиннің нақты әрекеті алдағы екі аптада айқын болатынын айтты. Сенаторлар болса Путиннің Трампты алдаумен жаңа әскери операцияларға дайындалып жатқанын алға тартады. Қазір заң жобасын АҚШ Сенаты қарастыруға кіріскен, бірақ оны Өкілдер палатасы мақұлдай ма, белгісіз.



ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

ҚЫТАЙ МЕН АҚШ
АРАСЫНДАҒЫ
КЕРІС

АҚШ Қытаймен сауда келісімін бұзып отыр. Ресми Бейжің америкалықтардың чип экспортын шектеу және Қытай студенттері визаларының күшін жою шешіміне наразылық білдірді.



Қытайдың мәлімдемесіне қатысты ресми Вашингтон әлі түсініктеме берген жоқ. Тараптар 12 мамырда Швейцарияда сауда келіссөзін өткізіп, қос тарап бір-біріне салған баж салығының мөлшерін азайтты. Сол кезде басқосудың нәтижелі болғаны айтылған еді.

ШӨЛ ДАЛАДАН
ҚАЛА САЛМАҚ

Мысырда шөл далада Ніл өзенінен су алатын жаңа қала бой көтереді. Бұл қала шөл далада орналасып, оған Ніл өзенінің жылдық квотасының шамамен 7 пайызы бағытталады.



Су тапшылығы проблемасына тап болған Мысыр билігі бұл жобаның мемлекеттік активтердің құнын арттыруға және жер бағасын көтеруге көмектесетініне үміттеніп отыр. Каир қаласының орталығынан 42 шақырым батыста орналасатын 6,8 млн шаршы метрлік Джирриан қаласына күн сайын Нілден шамамен 10 миллион текше метр су жеткізіледі. Бұл су 2,28 млн акр аумақты қамтитын New Delta жобасын сумен қамтамасыз етуге бағытталады.

ТҮТЫНУДЫ
ТЕЖЕЙДІ

Еуроодақ 2030 жылға қарай су тұтынуды 10 пайызға дейін қысқартпақ. Financial Times басылымының дерегі бойынша тиісті құжат жобасы келесі айда бекітілуі мүмкін.



Еуроодақ елдерінде инфрақұрылымның тозығы шыққан. Осының салдарынан судың 25 пайызы далаға ағып кетеді. Сондықтан ескірген су құбырларын жаңарту үшін жылына 23 млрд еуро бөлінеді. Бұл шара Одақ елдеріндегі ауызсу тапшылығы және қуаңшылық қаупімен байланысты қабылданып отыр.

Бетті дайындаған
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән! Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын! Баршаңызды иісі мұсылман баласының ұлық мейрамы – Құрбан айтпен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге Алладан амандық, мықты денсаулық, мол ырыс пен бақ-береке тілеймін!



Шын мәнінде, Құрбан айт жалаң құрбандық емес, ол – ішкі жан дүниенің тазарту мен рухани тұрғыдан жаңғыру деген сөз. Расында, «құрбан» сөзі «жақын болу», «жақындау» деген ұғымды білдіреді. Бұл – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы осында жатыр.

Қасиетті Құранда «Хаж» сүресінің 37-аятында: «Ұмыт-пандар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарың (шынайы ниеттерің)» делінген. Ал ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Адам баласы Құрбан айт күні құрбан шалудан өзге амалымен Аллаға жақындаған емес...» деп, бұл күндері Аллаға ұнамды әрі ең сүйікті амал құрбан шалу екенін жеткізген.

Материалдық мүмкіндігі бар әрі жолаушы емес мұсылманға құрбан шалу – уәжіп (міндет). Ал шамасы келмеген адамға Алла Тағала мұндай міндет жүктемейді. Айт күндері аз да болса

садақа беріп, қараусыз қалған қарттарға, жетімдер мен көпбалалы отбасыларға көңіл бөлу – сауапты іс.

Құрбан айт тек құрбан шалумен шектелмейді. Бұл – ағайын арасын жақындата түсетін күн. Араздасқан адамдар татуласып, өзара кешірім жолын ұстанады. Айт күндері туысқанның басын қосып, қарым-қатынасты күшейткен абзал. Құрбан айт – отбасы құндылығын арттыратын мереке. Ата-анамызға, бала-шағамызға сыйлық беріп, оларға арнайы көңіл бөліп, барынша қуантайық. Мұндайда өскелең ұрпақ Құрбан айттың қадірі мен сауабын сезініп, ізгілікке ұмтылады, мерекені асыға күтеді.

Қожа Ахмет Ясауи бабамыз бір даналық сөзінде Хаққа қызмет халыққа қызмет етуден басталатынын айтқан. Бұл – халықтың разылығы Хақтың разылығында деген сөз. Осы ретте еліміздегі барша шаруа қожалықтарының қожайындарын мал құнын қолдан көтермей, халыққа оңтайлы бағаны ұсынуға шақырамын. Сонымен қатар барша кәсіпкерлерді тұрғындар күнде тұтынатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасына мүмкіндігінше жеңілдік жасауға үндеймін.

Алланың рақым нұры төгілетін Құрбан айтта жұртымызға жақсылық жасап, көпшіліктің алғысын алайық, ағайын! Алла Тағала шалған құрбандығымызды, берген садақамызды қабыл етіп, екі дүние нығметіне бөлегей! Әумин!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти

ЖОЛАУШЫҒА МІНДЕТТІ МЕ?

90 шақырымнан астам жерге сапарға шыққан адамға құрбандық шалу міндетті емес. Бірақ нәпіл ретінде құрбандық шалса, сауапқа кенеледі. Алайда жолаушы айт күндерінің демалысын пайдаланып немесе басқа да себептерге байланысты сапарлап барған жерінде құрбан шалуына рұқсат етіледі. Оның сапарға шыққаны құрбан шалуына және құлшылығының қабыл болуына кедергі болмайды. Жолаушы сапар-

да жүріп құрбан шалып, айт күндері бітпей жатып үйіне қайтса, оған екінші рет құрбан шалу міндетті емес. Сондай-ақ айт күндерінің басында тұрғылықты болып, кейін айт күндерінің ішінде сапарға шықса да оған құрбан шалу міндеттелмейді. Ал егер айттың бірінші күні сапарда болып құрбан шалмаса, кейін айт күндері үйіне қайтса, оған құрбан шалуы тиіс болады.

«Құрбандық пәтуалары» кітабынан

АРНАЙЫ ОРЫНДАР БЕЛГІЛЕНДІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты «Зекет және қайырымдылық» қоры Құрбан айт мерекесі кезінде еліміз бойынша құрбан шалуға арналған арнайы орындардың тізімін ұсынды.

Астана қаласы бойынша құрбан шалу рәсімі «Жайлау», «Баракат», «Шанхай», «Шопан ата», «Ет хан», «Шаушен» шаруа қожалығы – Алаш тасжолы, 136 Б мал базарларында жүзеге асады.

САЙТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban.muftyat.kz сайтын іске қосты. Халыққа, әсіресе үлкен қалаларда тұратын жамағатқа оңтайлы болу үшін биыл да құрбан шалу офлайн және онлайн форматта жүзеге асады. Онлайн түрде құрбан шалам деушілер сайт арқылы құрбандық малын

таңдап, Kaspi QR арқылы қажетті қаражатты аударалады. Қой мен ешкіні жеке адам, ал ірі қара мен түйе малын 1 немесе 7 адам бірігіп шалса болады. Тапсырысыңыз сәтті өтсе, ұялы телефоныңызға SMS-хабарлама келеді. Құрбандық шалынған соң оның фото және бейне есебі тапсырыс беруші көрсеткен нөмірге жіберіледі.

ҚҰРБАН ШАЛУДЫҢ САУАБЫ ҚАНДАЙ?

Алланың разылығы үшін риясыз көңілмен сойылған құрбандық мал ақыретте қылдай жіңішке, қылыштай өткір Қылкөпірден өтерде көмектеседі. Пайғамбарымыз бұл жайында өз хадисінде былай дейді: «Құрбандыққа малдың ең жақсысын, көзге жұғымдысын таңдаңдар, өйткені ол – Қылкөпірден өтерде өз көліктерің». Шындығында, Алла Тағала біздің шалған құрбандарымыздың ағызылған қанына, етіне мұқтаж емес. Ол Алланың құзырына жетпейді, бірақ біздің оның әсірін ләббайк деп құлдық ұрып орындауымыздағы ықылас-ниетіміздің Аллаға жетіп, ризашылығына себеп болары сөзсіз.

Адам баласы Құрбан айтта құрбан шалу арқылы Ұлы Жаратушысының өзіне берген сансыз нығметтерінің шүкірін өтеп, күнәларына кешірім тілейді. Табиғатында өзімшілдік, сараңдық, дүниеқоңыздық секілді жағымсыз қасиеттері бар адам Құрбан айтта тек қана Алла Тағаланың ризашылығын ойлайды. Бір малын қиып, кедей және мұқтаж бауырларына жәрдем беру арқылы жаман қылықтарын бауырмалдық, жомарттық, кішіпейілділік секілді жақсы қасиеттермен алмастырады.

Дүние жүзінде жыл сайын миллиондаған мал сойылып жатады. Бірақ сол малдың еттері кедей-кепшіктердің бәріне жете бермейді. Міне, Құрбан айтта осы кедей, жағдайы нашар адамдардың хал-күйі ойландырылады. Ең болмаса бір тойындарып, олардың жүзіне шаттық сыйлайды. Әр күні кіжінумен өткен көңілі сынық кедей байғұсқа мұсылмандық жанашырлық танытып, қол ұшын беру қандай ғанибет!

ҚҰРБАН ШАЛУДЫҢ ЖӨН-ЖОБАСЫ

Мұсылман – Алла Тағалаға толықтай мойынсұнған жан.

Құрбан шалу – Алла Тағаланың арнайы бұйрығы. Сол себептен бұл бұйрықты шын ықыласпен атқарушы Раббысының ризашылығын алып, ақыретте жүзі жарқын болады, мол сауапқа кенеледі. Пайғамбарымыз өз хадисінде бұл ақиқатты былай түсіндіреді: «Адам баласы Құрбан айт күні (құрбан шалып) қан ағызудан да сүйікті басқа іспен Алла Тағалаға жақындаған емес. Қаны ағызылған мал қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған қан жерге тамбай жатып Алла Тағаланың құзырында үлкен мақамға жетеді. Сондықтан құрбандарыңды көңіл ризашылығымен шалыңдар».



Сондықтан да Раббысына жасайтын ғибадатын өз ойынша емес, Алланың белгілеген ережелері негізінде жасайды. Бұл туралы Құран Кәрімде: «Кімде-кім Алланың нышандарын ұлықтаған болса, күдіксіз, бұл жүректегі тақуалықтан» деп айтылады («Хаж» сүресі, 32). Осы тұрғыда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Құрбан шалатын адам пышағын жақсылап қайрасын, малды қинамай жұмсақ бауыздасын» деген мына бір хадисінің астары терен.

Мүмкіндігінше құрбан шалатын адам өз құрбандығын өзі бауыздағаны – ұнамды іс. Дегенмен өкілеттік беру арқылы басқа адамға да бауыздатуға болады. Ең бастысы, құрбан шалатын жанның мұ-

сылман болғаны абзал. Құрбан шалған кезде мынадай 6 ережені бұлжытпай орындау керек:

1. Құрбан шалатын жердің таза болуына көңіл бөлу.
2. Құрбан шалатын жерге малды ұрмай-соқпай апару.
3. Құрбан малын құбылаға қаратып, сол жағымен жатқызу.
4. Мына аяттарды мал бауыздалмай тұрып оқығаны абзал: «Жүзімді мені кертартпа діндерден алыстатып, көктерді және жерді жаратқан әлемдердің раббысына бағыттадым», «Былай де: «Менің намазым да, түрлі ғибадатым да, өмірім мен өлімім де үнемі әлемдердің раббысы Аллаға тән. Оның серігі жоқ,

Оған алғашқы болып бас иген менмін». Осы аяттар оқылған соң: «Я, Алла Тағалам, досың Ибраһим, сүйікті Мұхаммедтен қабыл алғанындай менен де қабыл ала гөр!» деп айт. Құрбандығын басқа адамға бауыздатқан кісі мал бауыздаларда: «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» деп қоса айтқаны жөн.

5. Малды жаны бойынан толық шығып болғанға дейін оның терісін сыпыруға болмайды. Малдың қаны толық ағып біткенше күтеді.

6. Малдың қан-жынын ашық далаға қалдырмай, көміп тастаған жөн. Бұл – құрбан малына әрі құрбан құлшылығына деген құрметтің белгісі.

ШАЛҒАН МАЛДЫҢ ЖЕЛШНЕЙТІН АҒЗАЛАРЫ

Шалған малдан мыналарды жеуге болмайды: 1) Қан. 2) Еркектік мүшесі. 3) Ұрғашылық мүшесі. 4) Еркек малдың жұмыртқалары. 5) Еттегі бездер. 6) Зәр торсығы. 7) Өт.

Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр, түйенің еркегі де, ұрғашысы да жарамды. Қой мен ешкінің ең кемі бір жасар болуы қажет. Алты айлық қозы бір жасар қой секілді ірі, қоңды болса құрбандыққа жарамды. Ал ешкі міндетті түрде бір жасқа толған болуы тиіс. Сиыр екі жасқа, түйе бес жасқа толғанда құрбандыққа шалуға болады. Құрбандық малдың дені сау, етті және дене мүшелері түгел болуы шарт.

АЙТТЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІ

Құрбан айт – діни мереке. Хадистерде жылдың ең қадірлі күні Құрбан айттың алғашқы күні екені айтылған. Пайғамбарымыз бұл жайында: «Алла үшін күндердің ішіндегі ең ұлығы – Құрбан айттың бірінші және екінші күні» деген. Бірінші күнінің артықшылығы мен ерекшелігі сол күні Алла Тағаланың разылығына бөленуге сеп болатын ең маңызды амалдың істелетіндігінде.

«Құрбан айт – құтты мереке» кітабынан алынды

Бетті дайындаған
Төлен ТІЛЕУБАЙ

10 | ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№65-66 (4810) 05/06/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

9 МАУСЫМ



6:00 Әнұран
6:05 «Інжу-Маржан»
7:00 «ТАҢШОЛПАН»,
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». Телехикая.
12:10 «Сағындырған әндер-ай!»,
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «100 SARBAZ»,
14:20 «Егіз лебіз»
15:10 «Ауыл мұғалімі». Телехикая.
16:10 «Гауһартас»,
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «Жат бауыр». Телехикая.
18:00 «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ»,
21:20 «ЛӘЙЛӘ». Телехикая.
22:15 «1001 ТҮН»,
23:15 «Көзайым». Телехикая.
0:10 «Егіз лебіз»
1:20 АҚПАРАТ
1:50 «Ашық алаң»,
2:40 «Сана»,
3:40 «Қызық екен...»,
4:25 «100 sarbaz»,
5:25 Әнұран



05:00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06:00 Телехикая. «Пәленшеевтер 2»
07:00 «Ояң!»
09:00 Мультсериал. «Питэр Пэн»
09:30 Телесериал. «Зимородок 2»
11:30 «Тамаша»
12:00 «President»
12:15 «Әлеумет»
12:30 «ОйналQ»
13:30 «Тракторшының махаббаты»
15:00 Телехикая. «Бахар»
16:00 Телесериал. «У каждого своя ложь»
18:00 Новости
18:30 Жаңалықтар
19:00 Телехикая. «Армандастар»
20:00 Телехикая. «Бахар»
21:00 Телесериал. «Зимородок 2»
22:30 «КешРЕС»
23:30 Телесериал. «У каждого своя ложь»
01:00 Телесериал. «Перекресток»



06:00 «Без тебя» телесериал
07:50 «Яркое пламя» телесериал
09:00 «Қара ниет б» телехикаясы
10:15 «Жігіттің сабаздары» телехикаясы
12:00 «Осман 4» телехикаясы
15:15 «Жұрттың балалары»
15:40 «Следы в прошлое» телесериал
16:40 «Девять жизней» телесериал
19:00 «Яркое пламя» телесериал
20:00 «Astanatimes»
21:00 «Қара ниет б» телехикаясы
21:55 «Сен келерсің» телехикаясы
23:00 «Осман 4» телехикаясы
01:00 «На твоей стороне 2» телесериал



6:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
7:15 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
8:10 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» бағдарламасы
9:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
10:00 «РЕЦЕПТ ЛЮБВИ». Фильм
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Фильм «ЧИНГАЧУК»
0:50 Ночной кинотеатр. «УМЕЛЬЦЫ»
1:50 «НОВОСТИ»
2:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:30 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:50 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы



7:05 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!» (қайталау)
7:55 «ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ», өзбек телехикаясы.
10:10 «БЫЛО ДЕЛО», документальный
11:10 «БЕСТРЕЧНАЯ ПОЛОСА», мелодрама (повтор)
14:40 «РАЙСКОЕ МЕСТО», мелодрама
16:35 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА», реалити-шоу.
18:30 «ҚАРАЛЫ ЖЕСІР», өзбек телехикаясы.
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:30 «ШЕФ-4», криминальная драма
23:30 «МАРАШАНЕЦ», остросюжетная драма.
1:30 «КАТИНА ЛЮБОВЬ», мелодрама
3:00 «ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ», өзбек телехикаясы.
5:20 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!» (қайталау)
6:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)



06:00 «Әзіл студия» бағдарламасы
06:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
07:00 «Күліп All» ойын-сауық бағдарламасы
07:30 «Тәтті шоу» ойын-сауық бағдарламасы
08:00 «Мұрагерлер» телехикаясы. 10 бөлім
09:30 Мультсериал «Великий Человек-паук»
10:00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11:00 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11:30 Мультсериал «Губка Боб»
12:10 КИНО. «Перси Джексон и похититель молний» (повтор)
15:00 КИНО. Джоз Хартнетт в боевике «Чёрный ястреб» (повтор)
18:00 КИНО. Бевик «Никогда не сдавайся 3»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. «Вертикальный предел»
23:40 «Бозторғай» телехикаясы. 36 бөлім
00:50 «Мұрагерлер» телехикаясы. 10 бөлім
01:40 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:50 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
03:10 «TikTok show» бағдарламасы
03:30 «What's up?» бағдарламасы
04:00 «Әзіл студия» бағдарламасы
04:20 «1001 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What's up?» бағдарламасы
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы



6:00 Әнұран
6:02 «Ағайынды» телехикая
7:00 «СЕЗІМ ҮШІН» телехикая
8:00 «Ақ пен қара» телехикая
9:00 «Жарқыраған жұлдыз»
10:00 «Великоленпый век. Кёсем»
11:00 «Бесценное время»
12:00 «ТАУДАҒЫ ТЫЛСЫМ»
14:00 Алдараспан
15:00 «ТРОЙНАЯ ЗАЩИТА»
16:00 «1001 ночь» телесериал
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:20 «АҚ ПЕН ҚАРА» телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОЛЕНПЫЙ ВЕК. КЕСЕМ»
21:00 «БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ»
22:00 «1001 НОЧЬ» телесериал
23:40 «СУЛТАН РАЗИЯ» телесериал
0:40 Жаңалықтар
1:00 Новости
1:30 Здоровье с Айнуր Тажиной
2:00 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
3:00 «Жұлдызды шаңырақта»
3:40 Q-елі
4:40 «Ата-ана. Бала-шаға» телехикая
5:10 «Дем. Соңғы үміт» телехикая



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live»
08.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
08.30 Телехикая «Қатыгез Ыстанбул»
09.35 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.00 «АФЕРИСТЫ В СЕТЯХ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА. РАЙ И АД»
12.00 «СЕЗІМ»
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстанбул»
17.10 Телехикая «Алашқы махаббат»
17.40 «РЕВЮ»
18.00 «ОРЕЛ И РЕШКА. РАЙ И АД»
19.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
19.30 Сериал «ФАНТОМ»
20.30 «ПЕКАРЬ» криминальная драма
22.40 «ВОЙНЫ СВЕТА» (триллер)
00.30 «Қызық Live»
01.30 «Y-NIGHT SHOW»
02.50 Телехикая «Mezirlisiz сезім»
03.40 «INSTA TV»
04.00-05.00 «Екі езу»

СЕЙСЕНБІ

10 МАУСЫМ



6:00 ӘНҰРАН
6:05 АҚПАРАТ
6:35 «ІНЖУ-МАРЖАН»,
7:00 «ТАҢШОЛПАН»,
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «100 SARBAZ»
14:20 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ»
15:10 «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». ТЕЛЕХИКАЯ.
16:10 «ГАУҒАРТАС». БАҒДАРЛАМА
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ЖАТ БАУЫР». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ»,
21:20 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «1001 ТҮН»,
23:15 «КӨЗАЙЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
0:10 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ»,
1:20 АҚПАРАТ
1:50 «АШЫҚ АЛАҢ»,
2:40 «САНА»,
3:40 «100 SARBAZ»,
4:40 «ЕҢ ДӘМДІ»



05:00 «ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ»
06:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 2»
07:00 «ОЯҢ!»
09:00 МУЛЬТСЕРИАЛ. «ПИТЭР ПЭН»
09:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ЗИМОРОДОК 2»
11:30 «ТАМАША»
12:00 «КӨЗҚАРАС»
12:30 ТЕЛЕХИКАЯ. «АРМАНДАСТАР»
13:30 «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ»
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
16:00 «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ»
18:00 НОВОСТИ
18:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «АРМАНДАСТАР»
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
21:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ЗИМОРОДОК 2»
22:30 «КЕШРЕС»
23:30 «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ»
01:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ПЕРЕКРЕСТОК»



06.00 «Девять жизней» телесериал
07.50 «Яркое пламя» телесериал
09.00 «Қара ниет б» телехикаясы
10.15 «Жігіттің сабаздары» телехикаясы
12.00 «Осман 4» телехикаясы
15.15 «Жұрттың балалары»
15.40 «Следы в прошлое» телесериал
16.40 «Девять жизней» телесериал
19.00 «Яркое пламя» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Қара ниет б» телехикаясы
21.55 «Сен келерсің» телехикаясы
23.00 «Осман 4» телехикаясы
01.00 «На твоей стороне 2» телесериал



6:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
7:15 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
8:10 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» бағдарламасы
9:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
10:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
10:55 Многосерийный фильм «С КЕМ ПОВЕДЕШЬСЯ...»
2:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Владимир Епифанцев в многосерийном фильме «ЧИНГАЧУК»
0:50 Ночной кинотеатр. «УМЕЛЬЦЫ»
1:50 «НОВОСТИ»
2:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:30 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:50 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:25 «ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ», өзбек телехикаясы.
8:00 «ҚАРАЛЫ ЖЕСІР», өзбек телехикаясы
9:10 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
9:40 «БЫЛО ДЕЛО», док-детектив
10:30 «ШЕФ-4», криминальная драма
12:30 «МАРАШАНЕЦ», остросюжетная драма
14:30 «РАЙСКОЕ МЕСТО», мелодрама
16:30 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА», реалити-шоу.
18:30 «ҚАРАЛЫ ЖЕСІР», өзбек телехикаясы.
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:30 «ШЕФ-4», криминальная драма
23:30 «МАРАШАНЕЦ», остросюжетная драма
1:30 «КАТИНА ЛЮБОВЬ», мелодрама
3:00 «ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ», өзбек телехикаясы.
5:20 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!» (қайталау)
6:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)



06:00 «Әзіл студия» бағдарламасы
06:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
06:50 Информбюро (рус/каз)
08:00 «Мұрагерлер» телехикаясы. 11 бөлім
09:30 Мультсериал «Великий Человек-паук»
10:00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11:00 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11:30 Мультсериал «Губка Боб»
11:40 КИНО. Майкл Джеј Уайт в боевике «Никогда не сдавайся 3» (повтор)
14:00 КИНО. Кинан Ривз в боевике «Джон Уик 4» (повтор)
18:00 КИНО. Сэм Джэггер в боевике «Спецназ: В осаде»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. «Соучастник»
23:20 «Бозторғай» телехикаясы. 37 бөлім
00:30 «Мұрагерлер» телехикаясы. 11 бөлім
01:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine» бағдарламасы
03:00 «TikTok show» бағдарламасы
03:20 «What's up?» бағдарламасы
04:00 «Әзіл студия» бағдарламасы
04:20 «1001 әзіл» бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What's up?» ойын-сауық бағдарламасы
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы



6:00 Әнұран
6:02 «Ағайынды» телехикая
7:00 «СЕЗІМ ҮШІН» телехикая
8:00 «Ақ пен қара» телехикая 20 бөлім
9:00 Жаңалықтар
9:30 Новости
10:00 «Великоленпый век. Кёсем» телесериал
11:00 «Бесценное время» телесериал
12:00 «ТАУДАҒЫ ТЫЛСЫМ»
14:00 Алдараспан
15:00 «ТРОЙНАЯ ЗАЩИТА» телесериал
16:00 «1001 ночь» телесериал
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:20 «АҚ ПЕН ҚАРА» телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОЛЕНПЫЙ ВЕК. КЕСЕМ»
21:00 «БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ» телесериал
22:00 «1001 НОЧЬ» телесериал
23:40 «СУЛТАН РАЗИЯ» телесериал
0:40 Жаңалықтар
1:00 Новости
1:30 Здоровье с Айнуր Тажиной
2:00 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
3:00 «Жұлдызды шаңырақта»
3:40 Q-елі
4:40 «Ата-ана. Бала-шаға» телехикая
5:10 «Дем. Соңғы үміт» телехикая



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live»
08.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
08.30 Телехикая «Қатыгез Ыстанбул»
09.35 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.00 «АФЕРИСТЫ В СЕТЯХ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА. РАЙ И АД»
12.00 «СЕЗІМ»
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстанбул»
17.10 Телехикая «Алашқы махаббат»
17.40 «РЕВЮ»
18.00 «ОРЕЛ И РЕШКА. РАЙ И АД»
19.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
19.30 Сериал «ФАНТОМ»
20.30 «ОТКРЫТОЕ МОРЕ» триллер
22.10 «ДЕНЬ КУРКА» (фантастический боевик)
00.10 «Қызық Live»
01.10 «Y-NIGHT SHOW»
01.50 Телехикая «Mezirlisiz сезім»
03.20 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

СӘРСЕНБІ

11 МАУСЫМ



6:00 ӘНҰРАН
6:05 АҚПАРАТ
6:35 «ІНЖУ-МАРЖАН»,
7:00 «ТАҢШОЛПАН»,
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «100 SARBAZ»
14:20 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ»
15:10 «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». ТЕЛЕХИКАЯ.
16:10 «ГАУҒАРТАС». БАҒДАРЛАМА
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ЖАТ БАУЫР». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ»,
21:20 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «1001 ТҮН»,
23:15 «КӨЗАЙЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
0:10 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ»
1:20 АҚПАРАТ
1:50 «АШЫҚ АЛАҢ»,
2:40 «САНА»,
3:40 «100 SARBAZ». ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ РЕАЛИТИ ЖОБА
4:40 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»



05:00 «ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ»
06:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 2»
07:00 «ОЯҢ!»
09:00 МУЛЬТСЕРИАЛ. «ПИТЭР ПЭН»
09:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ЗИМОРОДОК 2»
11:30 «ТАМАША»
12:00 «ТҮРЛІ ДӘМ»
12:30 ТЕЛЕХИКАЯ. «АРМАНДАСТАР»
13:30 ТЕЛЕХИКАЯ «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ»
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ»
18:00 НОВОСТИ
18:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «АРМАНДАСТАР»
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
20:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ЗИМОРОДОК 2»
22:30 «КЕШРЕС»
23:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ»
01:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ПЕРЕКРЕСТОК»



06.00 «ДЕВЯТЬ ЖИЗНЕЙ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
07.50 «ЯРКОЕ ПЛАМЯ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
09.00 «ҚАРА НИЕТ 6» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
10.15 «ЖІГІТТІҢ САБАЗДАРЫ»
12.00 «ОСМАН 4» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
15.15 «ЖҰРТТЫҢ БАЛАЛАРЫ»
15.40 «СЛЕДЫ В ПРОШЛОЕ» СЕРИАЛ
16.40 «ДЕВЯТЬ ЖИЗНЕЙ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
19.00 «ЯРКОЕ ПЛАМЯ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
20.00 «ASTANATIMES»
21.00 «ҚАРА НИЕТ 6» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
21.55 «СЕН КЕЛЕРСІҢ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
23.00 «ОСМАН 4» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
01.00 «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ 2» СЕРИАЛ



6:00 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:15 «ТОЙ БАЗАР» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:10 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
9:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
10:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
10:55 ФИЛЬМ «С КЕМ ПОВЕДЕШЬСЯ...»
2:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 ВЛАДИМИР ЕПИФАНЦЕВ В МНОГОСЕРИЙНОМ ФИЛЬМЕ «ЧИНГАЧУК»
0:50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. «УМЕЛЬЦЫ»
1:50 «НОВОСТИ»
2:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:30 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
3:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:50 «ТОЙ БАЗАР» БАҒДАРЛАМАСЫ



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (ҚАЙТАЛУ)
7:25 «ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ», ТЕЛЕХИКАЯ.
8:00 «ҚАРАЛЫ ЖЕСІР», ТЕЛЕХИКАЯ
9:10 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)
9:40 «БЫЛО ДЕЛО», ДОК-ДЕТЕКТИВ
10:30 «ШЕФ-4», КРИМИНАЛЬНАЯ ДРАМА
12:30 «МАРАШАНЕЦ»,
ОСТРОСЮЖЕТНАЯ ДРАМА
14:30 «РАЙСКОЕ МЕСТО», МЕЛОДРАМА
16:30 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА», РЕАЛИТИ-ШОУ.
18:30 «ҚАРАЛЫ ЖЕСІР», ӨЗБЕК ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:30 «ШЕФ-4», КРИМИНАЛЬНАЯ ДРАМА
23:30 «МАРАШАНЕЦ»,
ОСТРОСЮЖЕТНАЯ ДРАМА.
1:30 «КАТИНА ЛЮБОВЬ», МЕЛОДРАМА
3:00 «ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ», ТЕЛЕХИКАЯ.
5:20 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!» (ҚАЙТАЛУ)
6:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (ҚАЙТАЛУ)



06:00 «Әзіл студия» бағдарламасы
06:30 «31 әзіл» бағдарламасы
06:50 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
08:00 «МҰРАГЕРЛЕР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
09:30 МУЛЬТСЕРИАЛ «ВЕЛИКИЙ ЧЕЛОВЕК-ПАУК»
10:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «КУНГ-ФУ ПАНДА»
11:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «ПИНГВИНЫ МАДАГАСКАРА»
11:30 МУЛЬТСЕРИАЛ «ГУБКА БОБ»
13:00 КИНО. КРИС О'ДОННЕЛЛ В БОЕВИКЕ «СПЕЦНАЗ: В ОСАДЕ» (ПОВТОР)
16:00 КИНО. СЭМ ДЖАГЕР В БОЕВИКЕ «НЕОСПОРИМЫЙ 2»
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 КИНО. БОЕВИК «ЭКВИЛИБРИУМ»
23:20 «БОЗТОРҒАЙ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
00:30 «МҰРАГЕРЛЕР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
01:30 «31 ӘЗІЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ
02:40 «TIME VINE» БАҒДАРЛАМАСЫ
03:00 «TIKTOK SHOW» БАҒДАРЛАМАСЫ
03:20 «WHAT'S UP?» БАҒДАРЛАМАСЫ
04:00 «ӘЗІЛ СТУДИО» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:20 «1001 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:30 ТЕЛЕВИКТОРИНА «BALA BATTLE»
05:00 «WHAT'S UP?» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
05:20 «РИЗАМЫН» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ



6:00 Әнұран
6:02 «Ағайынды» телехикая
7:00 «СЕЗІМ ҮШІН» телехикая
8:00 «Ақ пен қара» телехикая
9:00 Жаңалықтар
9:30 Новости
10:00 «Великоленпый век. Кёсем»
11:00 «Бесценное время»
12:00 «ТАУДАҒЫ ТЫЛСЫМ»

13:00 Алдараспан
15:00 «ТРОЙНАЯ ЗАЩИТА» телесериал
16:00 «1001 ночь» телесериал
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:20 «АҚ ПЕН ҚАРА» телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОЛЕНПЫЙ ВЕК. КЕСЕМ»
21:00 «БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ» телесериал
22:00 «1001 НОЧЬ» телесериал
23:40 «СУЛТАН РАЗИЯ» телесериал
0:40 Жаңалықтар
1:00 Новости
1:30 Здоровье с Айнуր Тажиной
2:00 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
3:00 «Жұлдызды шаңырақта»
3:40 Q-елі
4:40 «Ата-ана. Бала-шаға» телехикая
5:10 «Дем. Соңғы үміт» телехикая

















07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live»
08.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
08.30 Телехикая «Қатыгез Ыстанбул»
09.35 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.00 «АФЕРИСТЫ В СЕТЯХ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА. РАЙ И АД»
12.00 «СЕЗІМ»
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстанбул»
17.10 Телехикая «Алашқы махаббат»
17.40 «РЕВЮ»
18.00 «ОРЕЛ И РЕШКА. РАЙ И АД»
19.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
19.30 Сериал «ФАНТОМ»
20.30 «ОТКРЫТОЕ МОРЕ» триллер
23.00 «КОМАТОЗНИКИ» Триллер
01.20 «Қызық Live»
02.00 «Y-NIGHT SHOW»
03.20 Телехикая «Mezirlisiz сезім»
04.10 «INSTA TV»
04.30-05.00 «Екі езу»

БЕЙСЕНБІ

12 МАУСЫМ



6:00 ӘНҰРАН
6:05 АҚПАРАТ
6:35 «ІНЖУ-МАРЖАН»,
7:00 «ТАҢШОЛПАН»,
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «100 SARBA



**ГАЗЕТКЕ 2025 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!**

Индекс	15617	«Қазпочта» АҚ арқылы жазылу бағасы	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға	946,89	
	3 айға	2 840,67	
	6 айға	5 681,34	





ПАРАСПАРТАКИАДА БАСТАЛДЫ

Астанадағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайында тірек-қимыл аппараты, көру қабілеті зақымданған және зияткерлік даму ерекшеліктері бар спортшылар арасында Қазақстан Республикасының VII спартакиадасы салтанатты түрде ашылды.

Маңызды іс-шараның шымылдығын Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин ашып, қатысушыларды жарыстың басталуымен шын жүректен құттықтады. Ол өз сөзінде жетінші рет ұйымдастырылып отырған спартакиаданың еліміздегі дене мүмкіндігі шектеулі тұлғалар арасында спортты дамытудың маңызды кезеңі екенін атап өтті.

– Биылғы спартакиаданың бағдарламасында алғаш рет бочча, садақ ату, пара велоспорт және әйелдер арасындағы голбол сияқты жаңа спорт түрлері енгізілген, зияткерлік даму ерекшеліктері бар спортшылар арасында пара жүзу, пара жеңіл атлетика және үстел теннисі бойынша жарыстар ұйымдастырылып жатыр. Жалпы осы жарысқа 2000-ға жуық спортшы қатысуда және бұл ірі спорттық іс-шара төрт жылда бір рет өткізіліп келеді, – деді Руслан Есеналин.

Төрт жылда бір рет ұйымдастырылатын спорттық додаға Астана қаласы ең көп – 189 пара спортшысын қосса, Ұлытау облысынан ең аз – 13 өкіл жүлдеге таласпақ. Жарыс еліміздің 5 өңірінде өтіп, барлығы 17 спорт түрін қамтиды. Астана қаласында волейболды отырып ойнау, пара таеквондо, пара дзюдо, бочча, пара би және пара каратэ спорт түрлері бойынша жарыстар ұйымдастырылса, Тараз қаласында голбол, пара жүзу және пара пауэрлифтинг бойынша сайыстар өтеді. Ал Алматы облысында пара оқ ату және пара жеңіл атлетика жарыстары болса, Көкшетау қаласында шахмат, дойбы және тоғызқұмалақ сияқты спорт түрлері бойынша бақ сынасу



жоспарланған. Спартакиаданың негізгі мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандар арасында бұқаралық және кәсіби спортты дамыту, салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау, ұлттық құрамалар үшін үздік спортшыларды анықтау.

«Мен үшін бұл спартакиада ерекше мәнге ие, себебі спорт арқылы өзімнің мүмкіндігімді паш етіп, жаңа жеңістерге жетуге ынталанамын. Мұндай жарыстар – бізге тек дене шынықтыру ғана емес, рухани қолдау. Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз, жыл өткен сайын спорт түрлері көбейіп, бізге мүмкіндік алаңы кеңейіп келеді. Бұл спартакиада мен үшін жаңа достар тауып, өзімді дәлелдеуге зор ықпал етті» дейді пара биден қатысып жатқан Шымкент қаласының спортшысы Асхат Ахмеджан.

Қазақстанда дене мүмкіндігі шектеулі

азаматтарға арналған алғашқы республикалық спартакиада 1991 жылы өтіп, шамамен 500 спортшы қатысты. Бұл іс-шара еліміздегі паралимпиадалық қозғалыстың бастамасы болып, содан бері спартакиада тұрақты түрде әр төрт жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Соңғы үш спартакиаданың көрсеткіштеріне келсек, 2013 жылы өткен IV спартакиадаға 998 қатысушы қатысты және ол кезде 10 спорт түрі қамтылса, 2017 жылғы V спартакиадада спортшылар саны 1112-ге жетіп, спорт түрлерінің саны 14-ке ұлғайған. Ал 2021 жылы өткен VI спартакиадада 1700-ден астам спортшы қатысып, 16 спорт түрі ұсынылды. VII спартакиада мүмкіндігі шектеулі азаматтардың спорттағы жетістіктерін жаңа белеске көтеріп, олардың қоғамдағы орнын нығайтуға ықпал етеді.

Бетті дайындаған **Шапағат ӘБДІР**



АСТАНАЛЫҚ ШАХМАТШЫ – ЧЕМПИОН

Елордада классикалық шахматтан ел чемпионаты өтіп, астаналық Қазыбек Нөгербек чемпион атанды. Турнирге еліміздің ең үздік рейтингке ие 14 шахматшысы қатысты. Олардың арасында өнер көрсеткен елордалық спортшылар да жеңіс тұғырынан көрінді.

Әйелдер арасында елордалық Меруерт Камалиденова 8,5 ұпай жинап, қола медаль жеңіп алды. Ал ерлер арасындағы басты тартыс Астана қаласының спортшысы Қазыбек Нө-

гербек пен Денис Махнев арасында өрбіді. Қосымша рапид және блиц партиялары арқылы өткен шешуші ойында Қазыбек өз карьерасында алғаш рет классикалық шахматтан

ел чемпионы атағын жеңіп алды. Сондай-ақ елордалық Жандос Ағманов тартысты жарысты 4-орынмен аяқтады. Ал турнирдің жалпы жүлде қоры 20 миллион теңгені құрады.

ЕЛОРДАЛЫҚ БАЛУАНДАР ЕРЛЕДІ

Бас қаладағы Qazaqstan жеңіл атлетикалық спорт кешенінде бастау алған күрес түрлерінен Қазақстан кубогы өз мәресіне жетті. Апта бойы тартысқа толы өткен, еліміздің 20 өңірінен 900-ден астам спортшы қатысқан жарыста Астана қаласының балуандары тамаша нәтиже көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінді.



Жарыс шымылдығын еркін күрес шеберлері ашты. Спортшылар 10 салмақ дәрежесінде сынға түсті. Алғашқы күні 97 келіге дейінгі салмақта астаналық балуан Бекзат Үркімбай алтыннан алқа тақты. Дәл осы салмақтағы тағы бір жерлесіміз Рустам Экажев күміс жүлдеге ие болды. 57 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен елордалық Абзал Өкенов пен 79 келідегі Нұрлан Бекжанов күміс жүлдені қанжығалады. Осылайша, еркін күрестен ересектер арасында Қазақстан Республикасының кубогында Астана қаласы жалпыкомандалық есепте бесінші орынға тұрақтады.

Грек-рим күресінен ересектер арасында өткен Қазақстан Республикасының кубогында

Астана қаласы жалпыкомандалық есепте бірінші орынды иеленді. Атап айтқанда, 55 келіде Марлан Мұқашев пен 72 келіде Мерей Мәулітханов алтыннан алқа тақты. Ал 63 келіде Асаухат Мұхамадиев пен 87 келіде Мақсат Сайлау күміс жүлдегер атанды. Қола жүлдені 60 келіде Айбек Айтбеков, 67 келіде Мәдиар Мәулітханов және 82 келіде Изновр Абаев жеңіп алды.

Әйелдер күресінен Қазақстан Республикасының кубогында Астана қаласы жалпыкомандалық есепте төртінші орынға тұрақтады. 50 келі салмақта Светлана Анкичева мен 65 келіде Елена Шалыгина алтын жүлдеге қол жеткізсе, 59 келіде Диана Каюмова күміс жүлдені жеңіп алды.

АРБАДАҒЫ ТЕННИС

Астанада арбадағы теннистен ITF Futures Series бойынша бірінші турнир аяқталып, жеңімпаздар анықталды. Орталық Азия бойынша алғаш рет ұйымдастырылған жарысқа АҚШ, Жапония, Австралия, Франция, Оңтүстік Корея, Үндістан, Польша, Қырғызстан, Ресей, Беларусь және өз еліміздің өкілдері қатысып, бірнеше күн бойы бақ сынады.



Ерлер арасында жекелей сында тұрақты ойын өрнегін көрсеткен жапониялық Фудзимото Ёшинобу чемпион атанса, австралиялық Мартин Данн финалға дейін жетті. Әйелдер арасында ресейлік Виктория Львова үздік шықты. Ол финалда Беларусь өкілі Людмила Бубнованы ұтты. Ал ерлерден жұптық сында соңғы бәсекеде Мартин Данн – жапониялық Тачи Томоя-

ны тізе бүктірген Фудзимото Ёшинобу – оңтүстіккореялық Джи Хван Ли жеңіс тұғырына көтерілді. Әйелдерден жұптық сында қазақстандық Айжан Бітімбаева оңтүстіккореялық Пак Чжу-Ёнмен бірге Қазақстан тарихында алғаш рет ITF Futures Series додасының финалына дейін жетті. Олар Виктория Львова – қырғызстандық Әмина Манғұтоваға ғана есе жіберді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300 Тапсырыс № 65-66 Баspaхана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ